



Почта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларын және Почта жөнелтімдеріне почта мөртабанын қолдану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 72 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 43 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 10.02.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 65 бұйрығын қараңыз.

"Почта туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 5) және 7) тармақшаларына және "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.02.2014 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Почта байланысы қызметтерін көрсету қағидалары;
- 2) Почта жөнелтімдерінде почта мөртабанын қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 16 қаңтардағы
№ 72 қаулысымен
бекітілген

Почта байланысы қызметтерін көрсету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пochта байланысы қызметтерін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісім-шарттарына сәйкес әзірленген және почта операторларының пайдаланушыларға почта байланысы қызметтерін көрсету тәртібін айқындайды.

2. Почта байланысының қызмет көрсетуіне мыналар жатады:

1) почта байланысының баршаға қолжетімді қызметтерін көрсету, олар почта жәшіктерінен жиналып алынған және (немесе) операциялық терезелер арқылы қабылданған жай хаттарды, почталық карточкаларды және бандерольдерді жіберуді білдіреді;

2) тіркелінетін почта жөнелтімдерін жіберу бойынша қызмет көрсету, оларға: тапсырысты хатты;

тапсырысты почта карточкасын;

тапсырысты бандерольді;

құндылығы жарияланған хатты;

құндылығы жарияланған бандерольді;

ұсақ пакетті;

"М" қабын;

жай посылканы;

құндылығы жарияланған посылканы;

тікелей почталық контейнерді жіберу жатады;

3) жеделдетілген және курьерлік почта қызметін көрсету, оларға жеделдетілген және курьерлік почтаның хатын (пакетін) және посылкасын жіберу жатады;

4) ақшаны почтамен аудару қызметін көрсету, оған почта желісі бойынша жіберілетін белгіленген үлгідегі бланкіні пайдаланып ақшаны жіберу жатады. Осы Қағидаларда төлемдер мен ақша аударымдары саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын ақша аударымдары регламенттелмейді;

5) жазылып алынатын мерзімдік баспасөз басылымдарын тарату қызметін көрсету, ол мерзімдік баспасөз басылымдарына каталог бойынша жазылуды қабылдауды, тапсырыстарды өңдеуді, экспедициялауды, жіберуді және жеткізуді білдіреді, және олардың бөлшек сатуын білдіретін мерзімдік баспасөз басылымдарын сату;

6) филателистік өнімді сату қызметін көрсету, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік почта төлемі белгілерін пайдаланушыларға коллекциялау мақсаты үшін сату қызметін білдіреді. Ұлттық почта операторының филателистік іс-шараларды өткізуі оның ішкі құқықтық

актілерімен регламенттеледі;

7) Почта байланысының өзге қызметтерін көрсету, олар:
почта жөнелтімдерін үйден қабылдап алу;
почта операторының өндірістік объектісінде беруге жататын почта жөнелтімдерін үйге жеткізіп беру;
абоненттік және абоненттік жәшіктерді пайдалануға беру;
сүйемелдеуші бланкілерді толтырып беру;
почта жөнелтімдерін буып-түю;
почта жөнелтімдерін сақтау;
көрсетілуі почта байланысы қызметтерімен ажыратылусыз байланысқан өзге де қызметтер, оның ішінде электрондық почта және факсимильдік байланыс қызметін көрсету болып табылады.

Электрондық почта қызметтері пайдаланушыға электрондық тасығышта берілетін немесе пайдаланушының дербес компьютеріне жіберілетін электронды хабарламаға және бөлек кезеңде жай немесе тапсырысты хатпен жіберілетін (гибридтік жөнелтім) электронды хабарламаға бөлінеді.

Факсимильдік байланыс қызметтері почта операторының өндірістік объектісінде қолға берілетін ашық факсимильдік хабарламаға, және көрсетілген мекенжайға тапсырысты немесе жай хатпен жеткізілетін жабық факсимильдік хабарламаға бөлінеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақаулы жөнелтім – салымға қол салушылық белгісі бар (буып-түюі бұзылған) немесе салмағы жөнелтімде көрсетілген салмаққа сәйкес келмейтін жөнелтім;

2) алынғаны туралы хабарламасы бар почта жөнелтімі – беру кезінде жөнелтуші почта жөнелтімінің кімге және қашан табыс етілгендігін өзіне немесе көрсеткен адамына хабарлауды почта операторына тапсырған, тіркелетін почта жөнелтімі;

3) бақылау мерзімі (почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымдарын, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдерін жіберудің бақылау мерзімдері) – оларды қабылдаған орынның өндіріс объектісінен оларды беретін орын өндіріс объектісіне дейін жөнелтімдерді жіберуді оператор жүзеге асыруға міндетті мерзім;

4) бандероль – баспасөз басылымдары, іс қағаздары және басқа заттар салынған почта жөнелтімі, оның салымы, мөлшері, салмағы мен буып-түю тәсілі осы Қағидаларда көзделген;

5) Дүниежүзілік почта одағы (ДПО) – почта байланысы саласындағы халықаралық ұйым;

6) Дүниежүзілік почта одағының актілері (ДПО актілері) – Дүниежүзілік

почта одағының Жарғысы, Жалпы регламенті, Дүниежүзілік почта конвенциясы, Жазбаша хат-хабарлар регламенті, Почталық посылкалар регламенті, Почта төлемдерінің қызметі туралы келісім және Келісімнің регламенті;

7) жай почта посылкасы – салынымдарының құнын бағаламай жіберушіге түбіртек беріп қабылданатын және алушыға қолхат арқылы тапсырылатын посылка;

8) жеделдетілген почта жөнелтімдері – жеделдетілген тәртіпте өңделетін және жеткізілетін хаттар (пакеттер) және посылкалар;

9) каталог – бөлшек сату және жазылым бойынша таратуға қабылданған мерзімді баспасөз басылымдарының жинақ тізбесі;

10) "Консигнация" – халықаралық почта жөнелтімдерін бір жөнелтуші бір алушының мекенжайына топтастыра жіберу қызметін көрсету;

11) курьерлік почта жөнелтімдері – курьерді пайдалану арқылы жедел тәртіпте өңделетін және жеткізілетін хаттар (пакеттер) және посылкалар;

12) "М" қабы (арнайы қап) – бір жөнелтушімен бір алушыға жіберілетін басылымдарын (мерзімді басылымдар, кітаптар және сол сияқты) қамтитын халықаралық почта жөнелтімі;

13) операциялық терезе – пайдаланушыға қызмет көрсететін почта операторының өндірістік объектісіндегі жұмыс орны;

14) почта жөнелтімін жеткізу – почта жөнелтімін жеткізу жеріндегі өндірістік объектілерінен абоненттік, абонементтік почта жәшігіне, не болмаса жөнелтушімен көрсетілген басқа мекенжайға орын ауыстыру;

15) почта жөнелтімінің санаттары – почта жөнелтімінің қабылдау, өңдеу, жіберу және жеткізу тәртібі мен шарттарын айқындайтын сипаттар жиынтығы (жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған, арнайы белгілермен);

16) посылка – салынымы, көлемдері, салмағы және буып-түюі осы Қағидаларда көзделген тауарлар және басқа заттар салынып жіберілетін почта жөнелтімі;

17) секограмма – секографиялық әдіспен жазылған, ашық түрде берілетін жазбаша хабарламалар, секографиялық белгілері басылған клишелер, тек зағиптарға арналған дыбыс жазулары салынған почта жөнелтімі;

18) таратылмаған почта жөнелтімдері – белгіленген мерзім ішінде алушыға жеткізілмеген (табыс етілмеген), жіберушісіне кері мекенжайы көрсетілмегендіктен қайтарылмаған почта жөнелтімдері;

19) төлемақысы қосарланған почта жөнелтімі – тапсыру кезінде жөнелтуші төлемақы сомасын алушыдан алуды почта операторына тапсырған почта жөнелтімі;

20) тікелей почта контейнері – тауарлар және басқа да материалды құндылықтар салынып, белгіленген тәртіппен жөнелтушімен пломбалаған (

мөрлеп бекіткен) және тиісті орнына жеткізілгенге дейін жолда ашылмайтын контейнер түріндегі почта жөнелтімі;

21) тірек пунктiнiң почта шкафы – жеткізу учаскесінде почта жөнелтiмдерiн уақытша сақтау үшін немесе адресаттың почта жөнелтiмдерiн алуына арналған арнайы шкаф;

22) ұсақ пакет – салынымы тауарлардың бiр үлгiлерiнен, сыйлық сипатындағы ұсақ заттар болатын, және көлемдерi, салмағы және буып-түюi осы Қағидаларда қарастырылған халықаралық тапсырысты почта жөнелтiмi;

23) үстеме төленетiн жазбаша хат-хабар – жөнелтушi жiберу ақысын жартылай немесе толық төлемеген жай жазбаша хат-хабар;

24) iшкi почта жөнелтiмi – Қазақстан Республикасы аумағының шегiнде алушыға жiберу және жеткiзiп беру үшін қабылданатын жөнелтiм;

25) халықаралық почта жөнелтiмi – ДПО-ға мүше елдердiң аумағы шегiнде алушыға жiберу және жеткiзiп беру үшін қабылданатын жөнелтiм;

26) хат – жазбаша хабарлама салынған хатқалта түрiнде жiберiлетiн почта жөнелтiмi.

2. Пайдаланушыларға қызмет көрсетудi ұйымдастыру бойынша талаптар және операциялық күндi өткiзу тәртiбi

4. Ұлттық почта операторымен республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергiлiктi атқарушы органдарының келiсiмi бойынша елдi мекендерде, сондай-ақ жолаушыларға қызмет көрсететiн теміржол станцияларында, әуежайларда, теңiз (өзен) айлақтарында және кеме тоқтайтын жағалауларда, көшпелi почталық пункттер аялдамаларында жай жазбаша хат-хабарларды жинау үшін почта жәшiктерi орнатылады. Почта жәшiктерi сондай-ақ Ұлттық почта операторының өндiрiстiк объектiсiнiң кiреберiсте орнатылады.

Почта жәшiгiнде Ұлттық почта операторының логотипi, берiлген нөмiрi, хат-хабарларды жәшiктен алу жиiлiгi мен уақыты (алғашқы және соңғы алыну уақыты) көрсетiледi. Ауылдық жерлердегi почта жәшiгiнде Ұлттық почта операторының логотипi, берiлген нөмiрi, қызмет көрсететiн почта байланысы бөлiмшесiнiң почта индексi, алыну уақыты, сондай-ақ алынбайтын күндер көрсетiледi.

5. Почта байланысының қызметiн көрсету үшін почта операторының өндiрiстiк объектiлерiнде барлық операциялық күн бойы почта байланысының қызметiн көрсету үшін операциялық терезелер орнатылады.

6. Операциялық күннiң жүргiзiлу тәртiбi мен оның ұзақтығы почта операторы почта байланысы технологияларын ескере отырып пайдаланушылар үшін

ыңғайлы режимде почта операторымен белгіленеді.

7. Почта операторының өндірістік объектісіне кірер жерде өндірістік объектінің атауы және жұмыс тәртібі көрсетілген маңдайша жазба орнатылады. Қалаларда орналасқан және жылжымалы кесте бойынша, түскі үзіліспен немесе демалыс күндерімен жұмыс істейтін өндірістік объектілерде сондай-ақ басқа кесте бойынша немесе демалыс күндерсіз қызмет көрсететін таяу маңдағы өндірістік объектінің орналасқан жері және жұмыс тәртібі көрсетілген хабарландыру ілінеді. Маңдайша мен хабарландыру мәтіні мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады.

8. Почта операторының өндірістік объектісінің операция залында пайдаланушыларға көрнекі және қол жетімді жерде өтініш, шағым және ұсыныстар кітабы, сондай-ақ, мынадай ақпараттық материалдар ілінеді:

- 1) почта байланысының қызмет көрсету түрлерінің тізбесі;
- 2) почта байланысының қызмет көрсетулеріне тарифтер;
- 3) почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымдарын жіберудің бақылау мерзімдері;
- 4) почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымдарын сақтау мерзімдері;
- 5) мекенжайды жазу тәртібі;
- 6) почта жөнелтімдерін буып-түю тәртібі;
- 7) почта жөнелтімдерінің көлемдері және шектеулі салмағы;
- 8) жіберуге тыйым салынған және шектелген заттар мен бұйымдардың тізбесі ;
- 9) почта индекстері;
- 10) жеке санаттағы азаматтарға қызмет көрсетудің артықшылықтары туралы;
- 11) почта қызметін көрсету барысында пайдаланушылар алдындағы міндеттерін бұзғаны және почта туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін почта операторының жауапкершілігі;
- 12) пайдаланушылардың почта туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілігі;
- 13) почта операторының өзінен жоғары тұрған бөлімшесінің атауы, мекенжайы және телефон нөмірі;
- 14) почта байланысының қызметтерін көрсету жөнінде басқа да ақпарат. Ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі.

3. Почта операторының атаулы заттарын пайдалану тәртібі

9. Почта операторының өндірістік объектілері өзіндік атаулы мүліктермен қамтамасыз етіледі.

10. Ұлттық почта операторының атаулы мүліктері: почталық, қосымша төлеу

және арнайы штемпельдер, сақтандыру мөрлері, пломбирлер, айналмалы баспа құрылғылары, өндірістік объектілердің атауы ойылып жазылған металл пластиналар, бақылау-аударым мөрлері болып табылады.

11. Ұлттық почта операторының әрбір атаулы мүлігінде: мемлекеттің ("Қазақстан"), облыстың, Ұлттық почта операторының, оның өндірістік объектісінің атаулары және объектінің нөмірі (егер бір елді мекенде бірнеше объектілері болса) ойылып жазылады. Облыс орталықтарының және Астана, Алматы қалаларының өндірістік объектілерінің атаулы мүліктерінде облыстардың аттары көрсетілмейді.

Бір елді мекенде почта операторының бірнеше өндірістік объектілері болған жағдайда, ал бір өндірістік объектіде жұмыс шарттары бойынша біреуден аса атаулы мүлік болуы қажет болса, атаулы мүліктерге ерекшелік әріп немесе нөмір енгізіледі. Одан басқа, почта штемпелінде бедерді соққан күні болады.

12. Өзге почта операторларының атаулы мүліктерінде осы операторлардың атауын көрсету арқылы Ұлттық почта операторының өндірістік объектілерінде қолданылатын атаулы мүліктерінен айырмашылығы болуы тиіс.

4. Почта жөнелтімдерін ресімдеу стандарттары

Почта жөнелтімдерін буып-түю

13. Почта жөнелтімдерінің буып-түйілуі салыным сипатына, жіберілу шарттарына және жол ұзақтығына сәйкес болуы, өңдеу және тасымалдау кезінде салынымдардың бүліну, оған орамын, мөрін, пломбасын, байламын, таспасын бүлдірместен қол сұғу, сондай-ақ басқа жөнелтімдерді бүлдіру және почта операторының жұмыскерлеріне залал тигізу мүмкіндігіне жол бермейтіндей болуы тиіс.

14. Хатқалталар және почта карточкалары, посылкаларды (бандерольдерді) буып түю үшін ыдыс осы Қағидалар мен ДПО актілерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Буып-түю материалы ретінде:

- 1) хаттар үшін – почта хатқалталары;
- 2) құндылығы жарияланған хаттар үшін – почта хатқалталары немесе қатты қағаз, мата, полиэтилен хатқалталары және салынымның сақталуын қамтамасыз ететін басқа материалдар;
- 3) бандерольдер мен ұсақ пакеттер үшін – полиэтилен пакеттері, почта хатқалталары, қатты қағаз, мата, қорап, картон қорап, ағаш (фанер) не металл жәшіктер;
- 4) посылкалар үшін – посылкалық жәшіктер (картон, ағаш, фанер және полимер) немесе жұмсақ тыс қолданылады.

Почта жөнелтімдерін буып-түю үшін қолданылатын мата тұтас кездемеден жасалып, ашық бір түсті болуы тиіс.

15. Салыным орам ішінде қозғалмауы тиіс. Бір бандерольге бірнеше заттар салынатын болса, олар алдын ала байланады.

Салмағы 500 граммнан (бұдан әрі – г) асатын жай және тапсырысты бандерольдер айқастырылып кендір жіппен буылады.

16. Бандероль салынымы түтікше етіп оралуы және қағаз не басқа таспамен қосымша бекітілуі (бандерольденуі) мүмкін, заттың ұзындығы 45 сантиметрден (бұдан әрі – см) артық болған кезде ол қатты затқа оралады.

17. Посылкалар салынымының ерекшеліктеріне байланысты, оларды буып-түю кезінде мына шарттар сақталуы тиіс және оларды орындауы қажеттілігі туралы жөнелтуші ескертіледі:

1) осал және сынатын заттар қатты ыдысқа ағаш үгіндісімен аралас салынады немесе жоңқамен, мақтамен және басқа толтырғышпен салынады;

2) фильмдер, фильмдер мен киношежіренің бастапқы материалдары, магнит таспалары, компакт-кассеталар, компакт-дискілер арнайы ыдысқа салынады;

3) тұқым, дән, жаңғақ, кептірілген жеміс, ұн және басқа сусымалы заттар тығыз матадан, үлдіршектен істелген қапшықтарға, мықты қағаз пакеттерге оралып, жәшікке немесе картон қорапқа салынады;

4) көшеттер сырты матамен тігілген себетке немесе желдеткіш тесіктері бар жәшіктерге салынады. Себеттің (жәшіктің) түбіне тығыз полиэтилен үлдіршек салынады;

5) құрғақ бояу ұнтақтары (анилин көктігі сияқты), майлы, сұйық, сұйық күйге айналатын заттар (май сылаулар, жұмсақ сабындар, сағыздар, сироптар, қайнатпалар, бал және басқалар) алдымен жабық шыны емес ішкі ыдыстарда болуы керек, кейіннен олар екінші мықты жәшікке салынып, екі арасына сәйкесінше ағып кетуден сақтандыратын және тартып алғыш материалмен толтырылады;

6) тірі аралар, сүліктер және жәндіктер шығып кету мүмкіндігінің алдын алуы тиіс арнайы мықты торкөзді жәшіктерге салынады. Аралары бар посылкалар ауа еркін кіретін көлеңкелі орында сақталуы керек, мұндай посылкаларды тығыз жабылатын шкафтарға салуға тыйым салынады;

7) фабрикалық өндеуден өтпеген аң және кеміргіштер терілері, сондай-ақ жүн, қылшық, шаш, мамық салынған посылкалар алдымен матаға (қапқа, полиэтилен үлдіршекке) оралады, содан кейін жәшікке не картон қорапқа салынады;

8) радиолампалар мен басқа дәл аспаптар (өлшеуші және т.б.) жұмсақ төсенішпен толтырылған қатты ыдысқа немесе орнықтыратын арнайы жүйесі бар жәшіктерге салынады;

9) тірі өсімдіктер (жүзім сабағы, көшет және т.б.), сондай-ақ сынбайтын ірі

габаритті үшкір ұштары мен қырлары жоқ, өздерінің көлемі жағынан белгіленген көлемдердегі посылка ыдысына буып түйюлуі мүмкін емес заттар, олар жіберу үшін қаптық материалға (матаға) оралған күйде қабылданады;

10) тұтас және сынбайтын, сондай-ақ бөлшектенбейтін, өткір қырлары жоқ заттарды көлемі мен салмағы осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленгеннен аспайтын заттар (сызу тақтасы, балалар шанасы, чемодандар, бидондар және басқалары), жәшіктерде немесе матада буып-түйілмей ақ ашық жіберіле алады. Автодөңгелектер тек таза күйінде қабылданады;

11) жас жеміс-жидектердің қатты сорттары салынған посылкалар ағаш не фанер жәшікпен қабылданады, олардың бүйір қабырғаларында желдеткіш тесіктері не көлденең ойықтары болады;

12) қымбат бағалы металдардың буып-түйюі мықты метал жәшіктен немесе ағаш жәшіктен болуы тиіс, оның қабырғасы 10 килограммға (бұдан әрі – кг) дейінгі посылка үшін кем дегенде 1 см, және салмағы 10 кг жоғары посылка үшін 1,5 см болуы керек. Сондай-ақ буып-түйю қосарланған ораманы құрайтын тігісі жоқ екі қаптан болуы мүмкін. Егер фанерден жасалған ағаш жәшік қолданылса, оның шеттері темір бұрыштамамен бекітілген жағдайда қабырғаларының қалыңдығы 0,5 см-мен шектелуі мүмкін.

13) зауыттық орамадағы бөлінбейтін заттарды (ағаш немесе мықты картон жәшікте), белгіленген көлемдерге жауап беретін және салыным сақталуын қамтамасыз ететін болса, жерүсті көлігімен жіберу үшін қосымша буып-түйюсіз қабылдауға рұқсат етіледі.

Почта жөнелтімдерінде, почтамен ақша аударымдарында мекенжайды ресімдеу тәртібі

18. Почта жөнелтімдеріндегі және сүйемелдеуші бланкілеріндегі, сондай-ақ почтамен ақша аударымдары бланкілеріндегі мекенжайлық барлық деректері қолмен (немесе типографиялық әдіспен не басқа да баспа техникасын пайдалану арқылы басылып) айқын, түсінікті, түзетулерсіз, қысқартылған атауларсыз немесе шартты әріпсіз, цифрлерсіз, белгілерсіз жазылады. Почта жөнелтімдеріне мекенжайы ақ қағазға басылған немесе қолмен жазылған адрестік жапсырма жапсыруға болады.

Хаттардағы және почта карточкаларындағы адресаттың почталық индексі кодтық орынға цифрлермен қызыл, сары және жасыл түсті сиялардан басқа кез келген түсті сиямен жазылады.

19. Почта жөнелтімдерінде, сүйемелдеуші бланкілерінде және почтамен ақша аударым бланкілерінде жіберуші мен адресаттың мекенжайын көрсету жіберуші мен алушының тек бір мекенжайын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Халықаралық почта жөнелтімдерінде Қазақстан Республикасының елді мекенінің мекенжайы болып табылатын жіберушінің тек бір мекенжайы көрсетіледі.

20. Мекенжайды жазу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы ;
- 2) көшенің, ықшам ауданның аты, үй нөмірі, пәтер нөмірі;
- 3) елді мекеннің атауы (қала, кент, ауыл және село);
- 4) ауданның атауы;
- 5) облыстың атауы;
- 6) елдің атауы (халықаралық жөнелтімдер үшін);
- 7) почта индексі.

Алуды тездету үшін жіберуші адресаттың (жіберушінің) үй, мобильді телефон номерін, электронды почтасының мекенжайын көрсете алады.

21. Жөнелтушінің мекенжайы почта жөнелтімінің сол жоғарғы бұрышында, адресаттың мекенжайы – почта жөнелтімінің оң астыңғы бөлігінде көрсетіледі. Адрестік блоктағы жолдар сол жақпен түзете жазылуы тиіс.

22. Почта жөнелтімдерінде почта операторының, сондай-ақ тапсырыс берушілердің жарнамасын жарнама туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен орналастыруға болады.

23. Почта жөнелтімдері, почтамен ақша аударымдары, факсимильдік байланыс пен электрондық почта жөнелтімдері адресаттың аты-жөнін, заңды тұлғаның атауын көрсете "Талап еткенге дейін" немесе "Абонемент жәшігіне" адрестелуі мүмкін.

24. Қазақстан Республикасы аумағы бойынша жіберілетін почта жөнелтімдеріндегі, почтамен ақша аударымындағы жөнелтуші мен алушының мекенжайлары жөнелтушінің қалауы бойынша мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ресімделуі тиіс.

Халықаралық почта жөнелтімдерінде және халықаралық почтамен ақша аударымы бланкілерінде мекенжай латын әріптерімен және араб цифрымен немесе жеткізілетін елдің тілінде, елдің аты міндетті түрде мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қайталай отырып, жазылады.

25. Түрлеріне, санатына қарай ішкі почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымдары бланкілерінің адрес жақ бетінің жоғарғы бөлігіне мынадай қосымша жазбалар жазылуы тиіс:

- 1) құндылығы жарияланған бандерольдерде – "... теңгеге құндылығы жарияланған бандероль", оған қосымша, ішіне салынғандарына тізімдеме жасалған құндылығы жарияланған бандерольдерге – "Тізімдеме жасалған", зағиптарға арналған шығыңқы әріпті бандерольдерге – "Зағиптарға арналған

шығынқы әріпті бандероль", зағиптарға арналған аудио жазба салынған бандерольдерге – "Бандероль. Зағиптар үшін сөйлейтін кітап";

2) құндылығы жарияланған хаттарға – "... теңгеге құндылығы жарияланған" немесе "Жабық... теңгеге құндылығы жарияланған", ішіне салынғандары хатталып, құндылығы жарияланғанға – оған қосымша "Тізімдеме жасалған" деп жазылады;

3) төлемақысы қосарланған почта жөнелтімдеріне – "...теңге төлемақысы қосарланған" деп жазылады;

4) алғандығы туралы хабарламасымен қабылданған тіркелетін почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымы бланкілеріне хабарламалы екені туралы жазылады, ал посылкаларда ондай жазба ілеспе бланкілерде көрсетілуі керек;

5) адресаттың өзіне табыс етуге жататын почта жөнелтімдерінің үстінгі бетінде мынадай белгілер болуы тиіс – "Өзіне табыс етілсін. Тапсырысты хабарламамен" деп жазылады;

6) соттық шақыру қағазымен тапсырысты хаттарда – "Сот шақыруы. Тапсырысты хабарламамен";

7) дәл құралдар және радиолампалар сияқты осал заттар салынған почта жөнелтімдеріне және ондай посылкалардың ілеспе бланкілеріне "Абайлаңыз" деп жазылады;

8) посылкаларда және олардың ілеспе бланкілерінде:

құндылығы жарияланғандарына – "... теңгеге құндылығы жарияланған";

ішіне салынғандары тізімдеме жасалғандарына – "Тізімдеме жасалған";

көшет салынғандарына – "Көшет";

бал аралары салынғандарына – "Абайлаңыз. Бал арасы. Күнге ұстамаңыз. Ветеринариялық сертификатпен";

аң және кеміргіштер терісі салынғандарға – "Аң терісі. Ветеринариялық сертификатпен";

жүн, қыл, шаш, қауырсын, түбіт салынғандарына – "Ветеринариялық сертификатпен";

жаңа піскен жемістер мен көкөністер салынғандарына тиісінше "Жеміс", "Көкөніс" деп жазылады;

9) әуе кемелері арқылы жіберілетін посылкалар мен олардың ілеспе бланкілеріне, бандерольдерге – "Авиа" деп жазылады;

10) осы Қағидалардың 165-тармағында көрсетілген лауазымды тұлғалардан қабылданған почта жөнелтімдерінде – "Үкіметтік"- "Правительственное" белгісі болуы тиіс.

26. Ішіне оңай сынататын заттар салынған және оны ұстағанда өте абай болуды қажет ететін халықаралық посылка осал посылкаға жатады және оларда "

Абайлаңыз" - "Осторожно" - "Colis fragile" белгілері болуы тиіс. Әр осал посылкаға салудың және буып-түюдің жалпы ережесін сақтаған кезде жөнелтуші немесе почта операторының өндірістік объектісінің жұмысшысы оған ақ түске қызыл бояумен басылған шыны бұйымның бейнесі бар жапсырма желімдейді. Ілеспе бланкінің бет жағына өте анық көрінетіндей етіп "Абайлаңыз" - "Осторожно" - "Colis fragile" белгілері желімделеді.

27. Өлшемдері осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген шамалардан асатын және өзінің көлемі немесе құрылымы бойынша басқа посылкалармен бірге тиеуге болмайтын немесе ерекше ұқыптылықты талап ететін халықаралық посылка "Қомақты" деп аталады.

Қомақты халықаралық посылкаға, сондай-ақ тиісті ілеспе мекенжайдың бет жағына айқын етіп "Қомақты", "Громоздкая", "Encombrant" сөздері жазылған жапсырма желімделуі тиіс.

28. Халықаралық алмасуда құндылығы жарияланған, осал және қомақты заттар салынған посылкалар мұндай жөнелтімдерді қабылдауға рұқсат ететін елдерге жіберуге қабылданады.

5. Почта жөнелтімдерінің түрлері және олардың техникалық сипаттамасы

Ішкі және халықаралық почта жөнелтімдері

29. Почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымдары ішкі және халықаралық почта жөнелтімдері болып бөлінеді.

30. Ішкі почта жөнелтімдерінің түрлері мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) хаттар (жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған);
- 2) почталық карточкалар (жай және тапсырысты);
- 3) бандерольдер (жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған);
- 4) посылкалар (жай, демек құндылығы жарияланбаған және құндылығы жарияланған);
- 5) почтамен ақша аударымы;
- 6) тікелей почта контейнерлері;
- 7) жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері;
- 8) электронды және факсимильді почта жөнелтімдері, оның ішінде гибридік жөнелтімдер.

Осы Қағидалардың 165-тармағында көрсетілген лауазымды тұлғалар жөнелтетін хаттардың, почта карточкаларының, бандерольдер мен посылкалардың "Үкіметтік"- "Правительственное" деген белгісі болуы мүмкін.

31. Халықаралық почта жөнелтімдерінің түрлері келесі санаттар бойынша бөлінеді:

- 1) хаттар (жай, тапсырысты, құндылығы жарияланған);
- 2) почталық карточкалар (жай және тапсырысты);
- 3) бандерольдер (жай, тапсырысты);
- 4) посылкалар (жай, құндылығы жарияланған);
- 5) почтамен ақша аударымы;
- 6) жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері;
- 7) ұсақ пакеттер (тапсырысты);
- 8) "М" қаптар (тапсырысты);
- 9) топтастырылған "Консигнация" жөнелтімдері.

Жай жазбаша хат-хабарлар, олардың салынымдары

32. Жөнелтушіге оларды қабылдағаны туралы түбіртек берілмей (почталық тіркеу нөмірін, сәйкестендіру штрих-кодын берусіз) қабылданатын және адресатына қолхат алусыз жеткізілетін хаттар мен бандерольдер жай жазбаша хат-хабарлар болып табылады.

Жай жазбаша хат-хабарлар Қазақстан Республикасының аумағы бойынша да, сондай-ақ тыс жерлерге де жіберілуге қабылданады.

33. Жай ішкі хаттарда жазбаша хабарлар және іс қағаздары, фотосуреттер, көркемсуретті ашық хаттар және өзге де ұқсас қағаз өнімдері сияқты төмен бағалы заттар жіберіледі.

Жай ішкі бандерольдер арқылы бланкілер, брошюралар, плакаттар, газеттер, журналдар, кітаптар, маңыздылығы төмен іс қағаздары, қолжазбалар, фотосуреттер, альбомдар, дәптерлер, дәрілік шөптер, тұқымдар, дыбыс жазбалар және өзге де ұқсас төмен бағалы заттар жіберіледі.

34. Жай халықаралық хаттармен жеке және қызметтік жазбаша хат-хабарлар, түбіртектер, шоттар, фотосуреттер жіберіледі.

Жай халықаралық бандерольдермен баспасөз басылымдары, гравюралар, суреттер, пішу үлгілері, каталогтар, проспектілер, әртүрлі хабарландырулар, хабарламалар, әртүрлі баспа тәсілдерімен жасалған бедерлер мен репродукциялар, қолжазбалар жіберіледі.

35. Жай почта бандерольдерінде ресми мекемелер зағиптарға (немесе зағиптардан осы ұйымдардың мекенжайына) секограммалар жіберуіне болады. Олар ДПО актілеріне сәйкес ақысыз қабылданады.

Тіркелетін почта жөнелтімдері, олардың салынымдары

36. Тіркелетін почта жөнелтімі почталық тіркеу нөмірі (сәйкестендіру штрих коды) берілген және жөнелтушіге почта операторының жұмысшысының тегі көрсетілген почталық мөртабанның немесе бақылаулық-кассалық машинаның

мөр (атаулы модуль) бедері басылған түбіртек беріліп қабылданған жөнелтім болып табылады. Тіркелетін почта жөнелтімін табыс ету кезінде адресаттан қолхат алынады. Тіркелетін почта жөнелтімдері кері мекенжайы міндетті түрде көрсетіліп қабылданады.

Әрбір тіркелетін почта жөнелтімінің бумасында қабылдаған почта операторы өндірістік объектісінің атауы, қабылдаған күні мен тіркеу нөмірі (штрих коды) көрсетілген почта мөртабанының бедері соғылады. Тізім бойынша қабылданған почта жөнелтімдеріне бір түбіртек беріледі.

37. Тіркелетін почта жөнелтімдеріне тапсырысты хат-хабарлар және құндылығы жарияланған хаттар, жай және құндылығы жарияланған посылкалар, почта арқылы ақша аударымдары, тікелей почта контейнерлері, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері жатады.

38. Тапсырысты хат-хабарларға хаттар, почта карточкалары, бандерольдер, ұсақ пакеттер, "М" қаптары жатады. Пайдаланушының тілегі бойынша қағаз тасығышқа басып шығарылған электронды почта хабарламалары жеке жіберу кезеңінде тапсырысты хат түрінде жіберілуі мүмкін (гибридтік жөнелтім).

39. Ішкі және халықаралық тапсырысты жөнелтімдермен осы Қағидалардың 33, 34-тармақтарында аталғандардан басқа жіберуге рұқсат етіледі:

1) азаматтық хал актілерін жазу органдары үшін – азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктердің барлық түрлері;

2) соттар мен құқық қорғау органдарына, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдарына – шақыру қағаздары мен хабарламалар, олардың алғандығы туралы тапсырысты хабарламамен, тапсырысты хаттың орамасында тиісті белгілермен қабылданады;

3) тапсырысты бандерольдер арқылы көркем әдебиет, өнер жөніндегі әдебиет, сот істері және сырттай оқитын студенттердің бақылау жұмыстары жіберіле алады;

4) "М" қаптарында бір орынға жолданатын және бір адресаттың мекенжайына жіберілетін мерзімді басылымдар (газеттер мен журналдар, кітаптар және басқа баспа материалдары) жіберіледі;

5) ұсақ пакеттер арқылы сыйлық сипатындағы сынбайтын ұсақ заттар және жеке тауар үлгілері жіберіледі. Жіберілетін салынымдар құны ұсақ пакеттер жоғалған жағдайда төленетін өтемақы құнынан аспайтын болуы тиіс.

40. Құнды қағаздар, құжаттар немесе басқа да құнды заттар салынған почта жөнелтімдері құндылығы жарияланған почта жөнелтімдері ретінде жіберіледі.

Жіберуші құндылығы жарияланған почта жөнелтімінің ішіне салынғандардың бағалау құнын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы арқылы өз еркімен анықтайды және осы Қағидаларға сәйкес буып-түю түрін таңдап алады.

41. Құндылығы жарияланған ішкі почта жөнелтімдері арқылы жіберілетіндер:

1) хаттарда – құжаттар мен құнды қағаздар (куәліктер, паспорттар, тууы, қайтыс болуы, неке қиюы және бұзуы туралы, жылжымайтын мүлік құқығы туралы куәліктер, дипломдар мен сертификаттар, зейнетақы мен сот істері, мемлекеттік заем облигациялары, лоторея билеттері және басқа қаржылық құжаттар);

2) бандерольдерде – тұтыну тауарлары, баспа басылымдары, көркем әдебиет, өнер әдебиеті, іс қағаздары, дәрі-дәрмек, кондитерлік бұйымдар және сақталуын почта жөнелтімдерінің осы түріне арналған бумасы қамтамасыз етуі тиіс басқа ұзақ сақталатын тамақ өнімдері;

3) посылкаларда тұтыну тауарлары, ұзақ мерзім сақталатын азық-түлік, кітаптар, өсімдіктер, бал аралары, дәрі-дәрмектер, медициналық препараттар және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен жіберуге тыйым салынбаған өзге де салынымдар.

42. Құндылығы жарияланған халықаралық хаттармен құнды қағаздар, жеке басты куәландыратын құжаттар, нотариалды расталған құжаттар мен анықтамалардың көшірмелері жіберіледі.

Халықаралық посылкаларда ДПО-ның актілеріне сәйкес жіберуге рұқсат етілген тұтыну тауарлары жіберіледі.

43. Жарияланған құндылық мөлшері почта жөнелтімінің ішіне салынғандардың нақтылы құнынан аспауы тиіс.

Құжаттар салынған почта жөнелтімдерінің жарияланған құны жөнелтім жоғалған жағдайда сол құжаттарды қалпына келтіру шығынынан аспайтын мөлшерде болуы тиіс.

44. Қағазға оралған ішкі бандерольдер мен посылкалардың жарияланған құны Қазақстан Республикасының ағымдағы күнтізбелік жылға арналған республикалық бюджет туралы заңымен бекітілген үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс.

45. Құндылығы жарияланған халықаралық хаттар, посылкалар және ұсақ пакеттер тек қана халықаралық почта жөнелтімдерінің жеке түрлерін қабылдауға рұқсат етілген елдер мен аумақтарға қабылданады. Елдер тізімін почта операторы ДПО-ның Халықаралық бюросының мәліметтері негізінде жасайды.

46. Халықаралық почта жөнелтімдердің жарияланған құндылығы ДПО актілерінде хабарланған жеткізілу елдің атаған құндылықтың шекті сомасынан аспауы тиіс.

47. Бал арасы, сүліктер, жібек құрттары, өсімдіктер, көшеттер, жаңа піскен көкөністер мен жемістер, радиолампалар және шыны немесе басқа да оңай бүлінетін осал бөлшектері бар дәл өлшеу құралдары (тұрмыстық техника мен тұрмыстық аспаптардан басқа) салынған посылкалар жіберілуге құндылығын

жарияламай қабылданады.

48. "Консигнация" қызметі және тікелей почта контейнерлерін жіберу жөніндегі қызмет шарттық қызметтер болып табылады. Осы қызметтердің талаптары, жауапкершіліктері мен тарифтері пайдаланушымен почта операторы арасындағы шартта аталады.

49. Жеделдетілген және курьерлік почтаның қызметтерінде өзіндік, почта операторымен авторлық құқықтар мен зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген логотип болуы тиіс.

50. Жеделдетілген және курьерлік почта пакеттері мен посылкаларында (құндылығы жарияланбаған және жарияланған) осы Қағидаларда белгіленген жіберуге тыйым салынғандар және шектеу қойылғандарды ескере отырып халықаралық және ішкі почта жөнелтімдерінде жіберілуі қарастырылған заттар жіберіледі.

51. Қазақстан Республикасы ішінде жіберілетін почтамен ақша аударымының сомасына шек қойылмайды. Почтамен ақша аударымдары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес басқа да валюталармен қабылданады.

Төлемдер мен ақша аударымдарын валюталық операция бойынша жүзеге асырған жағдайда жіберуші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсанда № 129 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережелеріне сәйкес қосымша құжаттар мен мәліметтерді береді.

52. Аударым қабылдау:

1) қолма-қол және қолма-қол емес ақшаны аудару арқылы – қолма-қол ақшамен алу немесе алушының банк шотына аудару үшін;

2) почта операторында ашылған жөнелтушінің шотынан банктегі алушының шотына.

Почтамен ақша аударымын қолма-қол емес есеп айырысу бойынша қабылдау аударылатын қаржы тек почта операторының есеп шотына келіп түскеннен кейін орындалады.

53. Ұлттық почта операторы почтамен ақша аударымын Қазақстан Республикасы аумағынан тыс аумаққа, почта аударымын шекті сомасы, ресімдеу тәртібі, жіберу, төлеу, конвертациялау және өзара есептесу әдісі көрсетілген тиісінше халықаралық шарттардың және ДПО Актілері негізінде қабылдайды.

**Почта жөнелтімдерінің техникалық сипаттамасы
(көлемі мен салмағы)**

54. Ішкі почта жөнелтімдерінің өлшемдері мен шекті салмақтары осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген.

55. Халықаралық почта жөнелтімдерінің өлшемдері мен шекті салмақтары осы Қағидалардың 2-қосымшасында келтірілген.

6. Почта жөнелтімдерін және (немесе) почта арқылы ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету тәртібі

Почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымдарын қабылдау және өңдеу

56. Кез келген почта жөнелтімі, почтамен ақша аударымы адресатқа берілмегенше жіберушісінің мүлкінде болып табылады.

57. Жөнелтімдерді бергенде пайдаланушылар мынаны білуі тиіс:

- 1) почта маркалары почта конвертінің, почта карточкасының, бандерольдердің, ұсақ пакеттің оң жақ жоғарғы бұрышына орналастырылады;
- 2) почта маркаларын бірінің үстіне бірін жапсыруға тыйым салынады;
- 3) айналымнан шығарылған, бүлінген (былғанған, жыртылған, желімделген, қандай да бір әдіспен өшірілген) почта маркалары төлем үшін жарамсыз;
- 4) шетелдік почта маркалары ішкі және халықаралық хат-хабарлар үшін жарамсыз;
- 5) жай хат-хабарды топтамамен жібергенде тізім жасалмайды;
- 6) почта жөнелтімінің, почтамен ақша аударымының, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімін қабылдау туралы түбіртекке көшірме берілмейді;
- 7) көшелерге (көпшілік жерлерде) орнатылатын почта жәшіктеріне тек стандарттық почта конверттеріндегі жай хаттар және почта карточкалары салынады. Басқа өлшемді почта конверттеріндегі хаттар Ұлттық почта операторының операциялық залдарына қойылатын арнайы почта жәшіктеріне салынады немесе өндірістік объектінің операциялық терезесіне беріледі.

58. Жеделдетілген және курьерлік жөнелтімін қабылдағанда операторлар өзінің өндірістік объектілерінен тыс басқа да жерлерде қабылдау орны мен уақытын белгілеуі мүмкін (курьер арқылы пайдаланушының кеңсесінде немесе үйінде, шартта аталған өзге де жерде).

59. Тіркелетін почта жөнелтімдерін тапсыру кезінде жіберуші:

- 1) осы Қағидаларға сәйкес почта жөнелтімінің буып-түюін таңдайды;
- 2) ілеспе бланкіні толтырады, ал халықаралық жөнелтімдер үшін қосымша кедендік декларация толтырады;
- 3) осы Қағидалармен қарастырылған жағдайларда салынатын заттар тізімдемесін жасайды және тізімдемемен салыстыру үшін жөнелтімді ашық

күйде ұсынады;

4) жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді және оның деректерін ілеспе бланкілерге жазады және өз қолымен "Жіберуге тыйым салынған заттар жоқ. Буып-түю талабымен таныстым" деген жазбаны растайды;

5) мынадай посылкаларды тапсырғанда ветеринарлық сертификат көрсетеді:
бал арасы салынғанда;

фабрикалық өңдеуден өтпеген елтірі және кеміргіштер терісі салынғанда;
жүн, қыл, қауырсын, түбіт салынғанда;

6) тұқым салынған бандерольдерді карантин жарияланған аймақтарға жіберген кезде карантиндік куәлікті (сертификатты) көрсетеді;

7) жаңа піскен көкөніс пен жемістің қатты сорттары салынған посылкалар жеті тәуліктен асыра жеткізілетін жағдайда мүмкін болатын шығындарды өзінің жауапкершілігіне алатындығын растайды;

8) тыйым салынған заттардың жоқтығына көз жеткізу мақсатында бандерольдердің, посылкалардың, ұсақ пакеттердің ішіндегі салынымды ұсынады.

60. Жеке және заңды тұлғалардан ашық түрде қабылданады:

1) құндылығы жарияланған және тізімдемемен берілетін ішкі почта жөнелтімдері, және кедендік декларациямен – халықаралық жөнелтімдер;

2) салынғандарына міндетті түрде тізімдеме жасай отырып үшінші тұлғалар атынан жіберілетін посылкалар.

61. Жабық түрде қабылданады:

1) жеке тұлғалардан осы Қағидалардың 59-тармағы 4) тармақшасының талаптары сақталуымен жарияланған құндылығысыз ішкі почта жөнелтімдері және халықаралық тапсырысты почта жөнелтімдері;

2) заңды тұлғалардан фирмалық сүргіштік мөрмен мөрленген (немесе пломбасымен пломбаланған) "Жіберуге тыйым салынған заттар жоқ" деген расталынған жазбасы бар ішкі және халықаралық құндылығы жарияланған хаттар, бандерольдер және посылкалар.

Осы тармаққа осы Қағиданың 59-тармағы 8) тармақшасы қолданбайды.

62. "Өз қолына тапсырылсын" деген белгісі бар ішкі тапсырысты хаттар мен алғаны туралы тапсырысты хабарламасы бар почта карточкалары, жеке тұлғалардың үйлеріне адрестелген құндылығы жарияланған хаттар қабылданады. "Өз қолына тапсырылсын" белгісі бар халықаралық почта жөнелтімдері осы қызмет түрін көрсететін елдерге қабылданады.

63. Осы Қағидалардың 165-тармағында көрсетілген тұлғалардың өкілдерінен мемлекеттік құпияларды мазмұндамайтын "Үкіметтік"-"Правительственное" белгісі бар хаттары, почта карточкалары, бандерольдер мен посылкалар почта операторының кез келген өндірістік объектілерінде қолданыстағы тарифпен

төлеу арқылы қабылданады.

64. Почта жөнелтімдерін және почтамен ақша аударымын әскери бөлімдер мен мекемелер атына жолдаған кезде мынаны басшылыққа алу қажет:

1) жеткізілетін пункттері көрсетілген әскери бөлімдер мен мекемелер үшін почта жөнелтімдерінің, жеделдетілген, курьерлік почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымының барлық түрлері қабылданады;

2) тіркелетін почта жөнелтімдері алғаны туралы хабарламамен қабылдана алады;

3) төлемақысы қосарланған почта жөнелтімдері қабылданбайды;

4) "Дала почтасы" деген мекенжаймен тек жай және тапсырысты хаттар мен почта карточкалары, құндылығы жарияланған хаттар, сондай-ақ почтамен ақша аударымдары қабылданады.

Бұдан басқа, заңды тұлғалардан командирлердің аттарына жай және тапсырысты бандерольдер, сондай-ақ посылкаларды жолдауға рұқсат етіледі.

Қылмыстық-түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан тұлғалардың почта жөнелтімдерін осы мекемелердің уәкілетті тұлғалары тікелей қызмет көрсетуші өндірістік объектіге өткізеді.

65. Франкирлеу машинасын қолданатын заңды тұлғалар жазба хат-хабарларды Ұлттық почта операторының қызмет көрсететін өндірістік объектісіне тапсырады.

66. Егер жіберуші бір немесе бірнеше мекенжайға бес немесе одан да көп тіркелетін почта жөнелтімін, почтамен ақша аударымын жіберетін болса, онда ол почта операторы белгілеген нысанда тізім жасайды.

67. Пайдаланушының қалауы бойынша құндылығы жарияланған почта жөнелтімдерін қосарланған төлемақымен қабылдай алады. Мұндайда почта операторы почта жөнелтімін тапсырған кезде алушыдан жөнелтуші көрсеткен төлемақы сомасын қабылдап, оны почта аударымымен жөнелтуші көрсеткен мекенжайға салып жіберуге міндеттенеді. Төлемақысы қосарланған посылкалар Қазақстан Республикасының барлық аумағы бойынша және почта операторларымен тиісті шарттар жасалған елдерге қабылданады.

68. Қосарланған төлемақыны почтамен аудару үшін ақысы белгіленген тарифпен почта операторының ішкі нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі. Адресат қосарланған төлемақының жалпы сомасын (алымды қосқанда) почта жөнелтімін алған кезде алдын ала төлейді.

69. Ішкі және халықаралық тіркелетін почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымын берген кезде жөнелтуші қалауы бойынша адресаттың почта жөнелтімін алғаны туралы өзіне хабарлама жолдануын талап ете алады. Хабарлама үшін төлем почта жөнелтімін және почтамен ақша аударымын өткізу кезінде төленеді.

70. Ішкі почта жөнелтімдерін алғандығы туралы хабарлама тек тапсырысты болуы мүмкін, ал халықаралық почта жөнелтімдері үшін – тек жай болады.

71. Почта операторының қызметкері құндылығы жарияланған хаттар мен бандерольдерді, жай және құндылығы жарияланған посылкаларды буып-түюі (пломбалауы) жөнелтушінің көз алдында, почта жөнелтімдерін қабылдау үдерісінде орындалады.

72. Почта операторының қызметкерлері өндірістік объектілеріндегі почта жөнелтімдерінің одан әрі өңдеу, сұрыптау және тасымалдау операцияларына өткізу үдерісінде сақтығын қамтамасыз етеді.

Почта жөнелтімдерін тасымалдау

73. Почта жөнелтімдерін тасымалдау ведомстволық (почта операторының) көлік құралдарымен де, сондай-ақ әртүрлі көлік түрлерінің тасымалдаушыларымен де жүзеге асырылады.

74. Ұлттық почта операторы почта жөнелтімдерін облыстар арасындағы қалааралық, облыс ішіндегі қалааралық, қалалық, қаламаңындағы және аудан ішіндегі әртүрлі елді мекендерді өзге орталықтармен, қалалармен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) байланыстыратын бағдарлармен тасымалдайды.

75. Бағдарлар мен көліктің жүру кестесін құрастыру Ұлттық почта операторымен қолданыстағы баршаға қолжетімді почта байланысы қызметтерінің сапа параметрлеріне, почта жөнелтімдерін өңдеу, тасымалдау және жеткізудің ішкі нормативтері мен бақылау мерзімдеріне сәйкес жасалады.

76. Тасымалдау мен өткізу үдерістері сұрыптау, жолдау, жеткізілу мекендерінде тасымалдағы тіркелетін почта жөнелтімдері сүйемелдеуші құжаттарда бөлек аталып, ресімдеуімен (тіркеуімен) және қызметкерлердің алғаны туралы қолымен расталып, жазылады.

Почта операторы почта жөнелтімдерінің барлық түрлерінің тасымалдау және өткізу кезінде сүйемелденуі мен сақтығын, сондай-ақ жүру бағдары мен кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымдарын жеткізу және табыстау

77. Пайдаланушыларға жіберілген жазбаша хат-хабарларды, баспасөз басылымдарын салу үшін абоненттік почта жәшіктері түзу қалпында, почташы бара алатын жерде болуы керек.

Абоненттік почта жәшіктеріне мынадай талаптар қойылады:

пәтер немесе үй нөмірі немесе заңды тұлғаның атауы анық көрсетілуі тиіс;

құлыппен жабдықталуы тиіс;

қалаларда және ауылдық елді мекендерде жәшіктер көп пәтерлі үйлердің жарықтандырылған кіреберісіне екінші қабатынан жоғары емес, жеке үйлердің кіруге жақын немесе қақпасы жанына, көлікпен өтуге ыңғайлы да почташыға қауіпсіз жерге қойылады.

78. Почта операторының өндірістік объектідегі абонементтік жәшіктерді пайдалануы абоненттің жазбаша өтініші бойынша төлеммен жүзеге асырылады. Бірнеше абоненттердің бір абонементтік жәшігін пайдалануына және де оны абоненттеу мерзімі ішінде басқа адамға беруіне жол берілмейді.

Абонент жәшікті әрі қарай пайдаланудан бас тартса, оның нөмірі арыз берілген мерзімнен бір ай өткенде немесе абоненттеу мерзімі аяқталғанда басқа абоненттің пайдалануына беріледі. Абоненттеу мерзімінің аяқталуы туралы арыз берілген соң келіп түскен хат-хабарлар қайтарылады немесе кері мекенжайы болмаса таратылмағандар санына беріледі.

79. Абоненттік және абонементтік жәшіктер арқылы келесі почта жөнелтімдері жеткізіледі:

- 1) жай хаттар;
- 2) жай почта карточкалары;
- 3) жай бандерольдер;
- 4) почта жөнелтімін және почтамен ақша аударымын алғаны туралы жай хабарлама;

5) тіркелетін почта жөнелтімдері мен почта аударымы туралы алғашқы хабарламалар;

6) көлемі абонементтік немесе абоненттік почта жәшіктеріне салуға мүмкіндік бермейтін жай почта жөнелтімдері туралы алғашқы хабарламалар;

7) тапсырысты хаттар, бандерольдер, почта карточкалары – адресаттың қолхатсыз алуға келісуі туралы арызы болған жағдайда;

8) жазылу бойынша мерзімді баспасөз басылымдары.

80. Адресаттарға мекенжайлары бойынша үйде беруге жататындар:

1) тапсырысты почта жөнелтімдері ("М" қаптарынан басқа), соның ішінде салмағы бес жүз грамға дейінгі ұсақ пакеттер;

2) почта жөнелтімдері мен почта аударымын алғаны туралы хабарлама;

3) тіркелетін почта жөнелтімдері, почтамен ақша аударымы туралы қайталау (екінші реттік) хабарлама;

4) жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері.

81. Почта операторы абоненттік жәшіктер бұзылған болса немесе почта жөнелтімдерінің сақтығын қамтамасыз етпеген жағдайда почта жөнелтімдерін жеткізу үшін оны қолданбайды. Бұл жағдайда хат-хабарлар пайдаланушыға почта операторының өндірістік объектісінде беріледі.

82. Почта операторының мүмкіндігі болса, адресаттар почта жөнелтімінің келуі туралы телефонмен, sms-хабарламамен, электрондық почтамен (олар мекенжайда көрсетілген жағдайда) хабарлануы мүмкін.

83. Заңды тұлғаға жолданған жай хат-хабарлар, почта жөнелтімін алғандығы туралы хабарлама тіркелетін почта жөнелтімі туралы және почтамен ақша аударымы туралы хабарлама почта операторының өндірістік объектісінде сол заңды тұлғаның почтаны қабылдауға уәкілетті тұлғасына беріледі немесе олар почташымен заңды тұлға орналасқан ғимараттың бірінші қабатына қоятын тіректік пункттің почта шкафына салынады. Жай жөнелтімдерді жеткізу тәртібі заңды тұлға мен почта операторы арасындағы жасалатын шартпен белгіленеді.

84. Тіркелетін почта жөнелтімін алушылар – заңды тұлғалар почта алуға өкілетті тұлға атына ондай почта жөнелтімдерді алуға құқық беретін сенімхат ресімдейді. Сенімхат өкілетті тұлғаның өзінде қалдырылады және ол әрбір тіркелетін почта жөнелтімін алу кезінде көрсететін болады, ал сенімхаттың көшірмесі почта операторының өндірістік объектісінде болады.

Тіркелетін почта жөнелтімдерін почта операторы мен заңды тұлға арасындағы жасалған шарт бойынша жеткізгенде жөнелтімдерді оның өкілетті тұлғасына сенімхатпен беру тәртібі осы шартпен белгіленеді.

85. Заңды тұлғаларға тиесілі ғимараттарда, үй-жайларда (жатақханаларда, интернаттарда, балалар үйінде, қонақ үйлерде, сауықтыру және емдеу мекемелерінде және т.б.) тұратын жеке тұлғаларға жай почта жөнелтімдері, почта жөнелтімін алғандығы туралы хабарламалар, тіркелетін почта жөнелтімі туралы және почтамен ақша аударымы туралы хабарламалар осы Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген тәртіппен жеткізіледі.

86. Почта жөнелтімдерін және почтамен ақша аударымын елді мекендерден тыс жерлердегі адресаттарға:

жайылымдағы малшыларға, фермалар, өндірістік учаскелерде және бригадаларда жүрген ауылшаруашылығы ұйымдарының жұмыскерлеріне; айдындағы балықшыларға;

орман учаскелеріндегі, геологиялық партиялардағы (экспедициядағы) қызметкерлерге;

теміржол бойындағы жұмыскерлерге;

қылмыстық түзету мекемелерінде жазалау мерзімін өтеп жатқан тұлғаларға; елді мекендерден тыс жерлердегі өзге де адресаттарға осы адресаттар қарауында жұмыс істейтін заңды тұлғаға дейін почта операторымен жүзеге асырылады.

87. Әскери бөлімдер мен мекемелерге және олардағы жеке құрамдарға, қылмыстық түзету мекемелеріндегілерге жолданған почта жөнелтімдері, оның ішінде жеделдетілген және курьерлік, адресаттың өзіне, сонымен бірге әскери

почташыға немесе бөлімдер мен мекемелердің өкілетті тұлғасына беріледі.

88. Почта операторының өндірістік объектісінде берілетіндер:

- 1) құндылығы жарияланған хаттар мен бандерольдер;
- 2) төлемақысы қосарланған почта жөнелтімдері;
- 3) посылкалар;
- 4) почтамен ақша аударымдары;
- 5) әскери бөлімдер мен қылмыстық түзету мекемелеріне жолданған почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымдары;
- 6) салмағы бес жүз грамнан жоғары ұсақ пакеттер;
- 7) электронды тасығыштағы электронды почта хабары немесе ашық түрде қағаз тасығышта басып шығарылған электрондық хабарлар;
- 8) ашық түрде жіберілетін факсимильдік байланыс жөнелтімдері;
- 9) ақаулы почта жөнелтімдері;
- 10) "М" қаптары.

Кедендік төлем есептелген халықаралық почта жөнелтімдерін адресатқа табыстау осындай төлемді, сондай-ақ кедендік ресімдеу үшін кедендік алым төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

89. Тіркелетін почта жөнелтімдері мен почта аударымдары адресатқа, немесе сенімхат негізінде әрекет ететін оның заңды өкіліне және сенген адамына, почта қызметкеріне адресаттың немесе оның өкілінің тұлғасын растайтын мына құжаттардың бірін көрсеткенде ғана беріледі:

- 1) жеке куәлігін;
- 2) паспортын;
- 3) шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты;
- 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 5) дипломатиялық паспорт;
- 6) қызметтік паспорт;
- 7) теңізшінің паспорты;
- 8) әскери қызметкерлер үшін әскери билет.

Почта байланысы қызметін пайдаланушы почта жөнелтімін алған кезде ұсынған құжаттың деректерін, тіркелген орнының мекенжайын немесе нақты тұрып жатқан жерін көрсетеді.

90. Тіркелетін почта жөнелтімін, почта аударымын алған кезде почта байланысы қызметін пайдаланушы жөнелтімді алғаны туралы қол қояды.

Егер адресат белгілі бір себептермен почта жөнелтімін және почтамен ақша аударымын алғандығына қол қоя алмаса, онда өзге тұлғаға жеке басын куәландыратын құжат негізінде қол қою арқылы почта жөнелтімін беруге рұқсат беріледі. Почта қызметкері адресаттың және өзге тұлғаның берген құжатындағы деректерді жазып алады.

91. Почта операторының мүмкіндігі бар болса адресаттың өтініші немесе почта операторының ұсынысы бойынша осы Қағидалардың 88-тармағында аталған почта жөнелтімдері, 9) бен 10) тармақшалардан басқа, қосымша ақы үшін үйге жеткізіліп берілуі мүмкін.

92. Почта жөнелтімдерін табыс ету:

- 1) адресаттың өзіне;
- 2) отбасының кәмелетке толған мүшелерінің біріне сенімхатсыз, осы Қағидалардың 89-тармағында аталған құжаттардың бірін және адресатқа жақын екенін растайтын құжатын көрсеткенде;
- 3) адресаттың жазбаша арызы бойынша – пәтер (үй) көршісіне (тек жай және тапсырысты хат-хабарлар);
- 4) почта жөнелтімін, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімін алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген адресаттың нотариалды расталған сенімхатты және оған теңелген сенімхат ұсынушыға осы Қағидалардың 89-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін көрсеткенде;
- 5) кәмелетке толмаған 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің ата-аналарына (асыраушыларына, қамқоршыларына) сенімхатсыз, осы Қағидалардың 89-тармағында аталған құжаттардың бірін және адресатқа жақын екенін растайтын құжатын көрсеткенде;
- 6) қабілетсіз тұлғалардың ата-аналарына (асыраушыларына, қамқоршыларына) сенімхатсыз, адресатқа жақын екенін растайтын осы Қағидалардың 89-тармағында аталған құжаттардың бірін көрсеткенде;
- 7) мектеп-интернаттардың, балалар үйлерінің және басқа осындай мекеме, заңды тұлғалар өкілдеріне, соңынан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға беру үшін – сенімхатпен және осы Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген басқа жеке тұлғаларға.

93. "Өз қолына табыс етілсін" деген белгісі бар тапсырысты хаттар (почта карточкалары) құндылығы жарияланған хаттар адресаттың өзіне, оның заңды өкіліне немесе сенім артқан тұлғасына хабарлама бланкісіне қол қоюы арқылы беріледі.

94. Осы Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген адресатқа жеткізілетін почта жөнелтімдерін табыстау, тіркелетін почта жөнелтімдері мен почта жөнелтімдерін алу туралы хабарламаларды тапсыру заңды тұлғалардың күшімен және есебінен жүзеге асырылады.

95. Тіркелетін почта жөнелтімін алудан бас тартқан болса адресат почта жөнелтімінде немесе хабарламада тиісті жазба жасайды.

96. Адресат почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымын алуға келмесе, оларға абонементтік жәшікке жолданған жөнелтімдерден басқа жөнелтімдер үшін мынадай мерзімдерде қайталап хабарлама беріледі және қол қойғызу

арқылы тапсырылады:

1) алғаш рет жазылған хабарламаны бергеннен кейін үш жұмыс күні өткен соң:

жана піскен жемістер (көкөніс) салынған посылкалар үшін;

"Сот шақыруы. Тапсырысты хабарламамен", "Шақыру. Тапсырысты хабарламамен" белгісі бар хаттарға;

2) алғаш рет жазылған хабарламаларды апарғаннан кейін бес жұмыс күні өткен соң – барлық басқа почта жөнелтімдері үшін.

97. Салынғандарының тізімдемесі бар почта жөнелтімдері мен ақаулы тіркелетін почта жөнелтімдерін почта қызметкері адресатқа тапсыру кезінде ашады.

Салынғандар тізімдемеге сәйкес келмесе немесе бұзылған болса почта қызметкері белгіленген нысанда акті жасайды, оған почта операторының өндірістік объектісінің басшысы, почта қызметкері мен адресат қол қояды. Актінің бір данасы ақаулы почта жөнелтімінің салымымен қоса адресатқа тапсырылады.

Адресат актіге қол қоюдан бас тартса почта операторы "Адресат қол қоюдан бас тартты" деп белгі салады. Акт қызметтік тексеру және (немесе) өтемақыны төлеу үшін негіз болады. Посылканың орамы заттай дәлел ретінде почта операторының өндірістік объектісінде қалады.

Адресат почта жөнелтімін ашудан бас тарта алады, ондайда адресат хабарламаға тиісті белгі соғады, бұл келешекте шағымды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болады.

98. Адресаттың сұрауы бойынша орамасы бүлінбеген (бүтін) төлемақысы қосарланған почта жөнелтімі тек оның төлемақысы төлегеннен кейін ашылуы мүмкін. Қосарланған төлемақыны төлемей тұрып адресат жөнелтушінің мекенжайлық деректерін алуына болады.

Осы Қағидаларға сәйкес адресаттың қолына берілген, орамасы бүтін төлемақысы қосарланған почта жөнелтімі қайта қабылданбайды және почта операторына салынған заттардың түрі, көлемі, атаулары бойынша өтініштер қабылданбайды.

99. Ақаулы келіп түскен төлемақысы қосарланған почта жөнелтімі адресаттың көзінше почта операторы қызметкерімен ашылады. Ақаулы почта жөнелтімі ашылғанға дейін оның қосарланған төлемақысы төленбейді.

Салынғандары тізімдемеге сәйкес келіп, салынымы бұзылмаса не зақымдалмаса, белгіленген нысанда акт жасалынбайды және адресат төлемақы сомасын төлейді.

Салынғандары жетіспеген, ауыстырылған, толықтай не ішінара бұзылған болса акті жасалады, оның бір данасы адресатқа беріледі. Актінің басқа данасы

бар почта жөнелтімі жөнелтушіге жіберген жеріне почта операторының бөлімшесінде қызметтік тексеріс жүргізу үшін қайтарылады.

Халықаралық төлемақысы қосарланған ақаулы почта жөнелтімдері операторлар арасындағы халықаралық келісімдерге сәйкес өңделеді.

7. Халықаралық почта жөнелтімдерін қабылдау, өңдеу және табыстау тәртібі

100. Халықаралық почта жөнелтімдерін қабылдау кезінде ішкі почта жөнелтімдерінде жіберуге тыйым салуда қойылатын талаптарынан басқа, оларға қосымша ДПО ақпаратына (циркулярына) сүйеніп, баратын елдегі қолданылатын тыйымдар туралы мәліметтерді басшылыққа алу қажет.

101. Халықаралық почта жөнелтімдері халықаралық почта алмасу орындарында Қазақстан Республикасы және Кедендік одақтың кедендік заңнамасымен қаралған жағдайларда кедендік бақылау органдарымен қаралады.

102. Кедендік бақылау органдарымен халықаралық хат-хабар, сондай-ақ Кедендік одақтың шегінде жіберілетін почта жөнелтімдерінің барлық түрлері қаралмайды, олар кедендік бақылауға жатпайды, кедендік рәсімдер астына орналастырылмайды, оларға қатысты кедендік операциялар жасалмайды.

103. Жеке және заңды тұлғалардан ашық түрде қабылданады:

1) кедендік декларацияларды немесе бекітілген нысан бойынша жапсырма толтырумен ұсақ пакеттер;

2) құндылығы жарияланған хаттар, салынымдардың сипаттамасы туралы жіберушіні сұраумен және ілеспе бланкі мен кедендік декларацияларын толтырумен посылкалар.

104. Заңды тұлғалардан өздерінің мөрлерімен мөрленген немесе пломбаланған посылкалар жабық түрде почта операторы бекіткен нысандағы тізіммен, оған қоса ілеспе бланкі мен кедендік декларацияларын толтырумен қабылданады.

105. "Өз қолына табыс етілсін" белгісімен халықаралық почта жөнелтімдері қызметтің осындай түрін көрсететін елдерге қабылданады.

106. Төлемақысы қосарланған жөнелтімдер тиісті шарттар жасалған елдерге қабылданады.

107. Тіркелетін халықаралық почта жөнелтімдерін жібергенде жөнелтуші адресаттың почта жөнелтімін алғаны туралы хабарламасын ала алады.

Хабарламаның ақысы почта жөнелтімін жібергенде төленеді.

Халықаралық почта жөнелтімдердің алғаны туралы хабарлама тек жай болады.

8. Почта жөнелтімдерін алу, өңдеу және тексеру тәртібі

108. Почта операторының өндірістік объектісіне келіп түскен почта жөнелтімдері олардың сыртқы орамасының бүтіндігі, сондай-ақ олардың буып-түюлігінің дұрыстығына және жолдану сәйкестігіне қаралады.

Сыртқы орамасының ақаулығы табылғанда, мөрлердің, пломбалардың, байлауларының, салмағының сәйкес еместігі және өзге бұзушылықтар табылған жағдайларда нысаны почта операторының ішкі құқықтық актілерімен белгіленген акт жасалады және ол ақаулы почта алынған өндірістік объектінің басшысы атына жолданады.

109. Келіп түскен акті бойынша почта операторының өндірістік объектісінде тексеру жүргізіледі. Тексеру қорытындысы және қабылданған шаралар туралы актіні жасаған (жолдаған) өндірістік объектісіне хабарланады.

110. Почта операторлары мен почта жөнелтімдерін тасымалдауды жүзеге асыратын көліктік ұйымдар арасындағы почта алмасу және актілерді қарау бойынша қатынас тәртібі шарттармен анықталады.

9. Почта жөнелтімдерін сақтау мерзімдері

111. Ішкі және халықаралық почта жөнелтімдері, тиісті орынға жіберілген почта аударымдары, сонымен қатар қабылдау орнына қайтарылған немесе жөнелтушімен көрсетілген мекенжай бойынша жіберілген жөнелтімдер табыстау мүмкін болмаған жағдайда отыз күнтізбелік күн, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері жеті күнтізбелік күн сақталады және жөнелтушіге нұсқаулық және қосымша ақпарат үшін өтініш білдіру қажет болған жағдайда он төрт күнтізбелік күнге созылуы мүмкін.

"Сот шақыруы. Тапсырысты хабарламамен", "Шақыру. Тапсырысты хабарламамен" белгілері бар тапсырысты хаттар почта операторының өндірістік объектісіне келіп түскен күннен бастап жеті күнтізбелік күн сақталады.

112. Тіркелетін почта жөнелтімдерін (тапсырысты хаттан басқа) өндірістік объектіде сақталған күндері үшін екінші рет хабарлама тапсырылған соң бір жұмыс күнінен кейін (тапсырылған күн есепке алынбайды) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша төлемақы алынады.

Жіберушінің арызы бойынша почтамен ақша аударымының, почта жөнелтімінің сақталу мерзімі (жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдерінен басқа) сақталғаны үшін төлемақы алынумен отыз күнтізбелік күнге ұзартылу мүмкін.

"Талап етілгенге дейін" жолданған жай хаттардың сақталғаны үшін төлемақы

алынбайды.

"Талап етілгенге дейін" жолданған тіркелетін жөнелтімдерінің сақталғаны үшін төлем адресаттан алынады, ал қайтарылған жағдайда белгіленген тариф бойынша жөнелтушіден алынады.

10. Почта жөнелтімдерін, почтамен ақша аударымдарын қайтару және әрі қарай жіберу шарттары

113. Табыс етілмеген почта жөнелтімдері, почтамен ақша аударымдары жіберуші көрсеткен кері мекенжай бойынша мынадай жағдайларда кері қайтарылады:

- 1) жіберушінің арызы бойынша;
- 2) алушы почта жөнелтімін, почтамен ақша аударымын алудан бас тартқан жағдайда;
- 3) сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін;
- 4) адресаттың болмауы немесе қайтыс болған жағдайда;
- 5) пайдаланушының мекенжайын оқуға мүмкіндік болмаған жағдайда (жуылып кеткен, жыртылған және т.б), адресаты болмағанда немесе дұрыс көрсетілмегенде;
- 6) абонементтік жәшікті пайдаланушы адресат көрсетілмегенде немесе дұрыс көрсетілмеген жағдайда;
- 7) почта операторын өз міндеттемесін орындау мүмкіндігінен айыратын басқа да жағдайларда.

114. Жіберуші мекенжайының өзгергені, почта жөнелтімін қайта жіберу немесе әрі қарай жіберу, алмағандығы, уақытында алмағаны туралы арыз берген кезде осы Қағидалардың 89-тармағында көрсетілген құжаттардың бірі және жібергені туралы түбіртек, ал почта жөнелтімі тізім бойынша қабылданған болса, осы тізім беріледі. Мұндай арызға ұсынған құжаттың мәліметі жазылады.

115. Тіркелетін почта жөнелтімдерін қайтару және жаңа мекенжайы бойынша жіберу (әрі қарай жіберу) үшін жөнелтушінің өтінішінде арнайы көрсетілген жағдайда жөнелтушіден не адресаттан қайтару немесе әрі қарай жіберу тарифтеріне сәйкес төлемақы алынады.

Адресаттың мекенжайын оқуға мүмкін болмаған (жуылып кеткен, үзілген) себептен қайтарылған почта жөнелтімдеріне төлем алынбайды.

116. Төленбеген почтамен ақша аударымы заңды тұлғаларға есеп шотына ақша аудару жолымен қайтарылады, жеке тұлғаларға – жөнелтушіге қолына немесе есеп шотына (өтініш бойынша) төленеді, бұл аударымдар үшін төленген ақысы қайтарылмайды.

117. Почта жөнелтімдерін таратылмағандар санатына беру мынадай

жағдайларда беріледі:

- 1) адресат пен жөнелтушінің қажетті мекенжайлық деректерінің дәл еместігі немесе болмауы;
- 2) адресат пен жөнелтушінің алудан бас тартуы;
- 3) қайтарылып келген почта жөнелтімінің белгіленген сақтау мерзімінің бітуі және пайдаланушының оны алуға келмеуі.

Почта жөнелтімдері таратылмағандар санына тек оларды тапсырудың барлық мүмкіндіктері қарастырылып, тапсырылмау себебі мұқият тексерілген соң ғана беріледі.

118. Почта жәшігінен алынған мекенжайсыз немесе мекенжайы толық емес, түсініксіз, мекенжайы қысқартылған жай хаттар, почта карточкалары және бандерольдер, мекенжайы жоқ (бүлінген) тиісті жеріне жіберуге немесе жіберушісіне қайтаруға болмайтын почта жөнелтімдері, сондай-ақ алудан бас тартқандығы себебімен адресаттарға табыс етілмеген үстеме төлемақылы почта жөнелтімдері таратылмағандар ретінде уақытша сақталуға тапсырылады.

Почта жәшіктерінен хат-хабарлармен бірге алынған құжаттар (жеке куәліктер, паспорттар, әскери билеттер және басқалар) тиісті ұйымдарға беріледі.

Күнтізбелік жыл бойында талап етілмеген ақша аударымдары почта операторында сақталады және арыздары негізінде жіберушіге немесе адресатқа уақытында алмау себептерін зерттегеннен кейін төленеді. Бір жылдан соң талап етілмеген жағдайда ақша аударымдары почта операторының бюджетіне аударылады, олар бойынша өндірістік құжаттама ағымдық мұрағатта үш жыл бойы сақталады.

119. Таратылмаған жөнелтімдер уақытша сақтауға келіп түсуіне қарай, бірақ кем дегенде тоқсанына бір рет, пайдаланушылар мекенжайын немесе оларды адресатына немесе жіберушісіне жеткізіп беруге қажетті басқа да мәліметтер алу мақсатымен ашып көруге жатады.

Таратылмаған почта жөнелтімдерін ашу үшін почта байланысы мекемесінің бастығы (оның орынбасары) почта операторының өндірістік объектінің почта қызметкерлерінен, жергілікті атқарушы үкімет органының, ішкі істер органының өкілдерінен тұратын комиссия құрады.

Егер алдын ала тексеру нәтижесінде таратылмаған почта жөнелтімі адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін заттардан немесе бұйымдардан тұратындығы анықталатын болса, онда почта жөнелтімі бөлініп алынады және ашылмастан құзыретті органдармен жойылады. Ондай жөнелтімдерді жою қажетті сақтық шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Аталған комиссия почта жөнелтімін ашу, бөліп алу немесе ашпастан жою туралы акті жасайды.

Егер таратылмаған почта жөнелтімін ашу нәтижесінде пайдаланушылар

мекенжайы анықталған болса, онда ол актінің бір көшірмесімен бірге қапқа салынып, адресатқа қайта жіберіледі немесе жіберушісіне қайтарылады, осындай тәртіппен де табылған ақшалай сомалар жолданады (жіберу үшін ақысы ұсталып).

Анықталған мекенжай бойынша почта жөнелтімдерін қайтару немесе жіберу пайдаланушыдан төлемақы алу арқылы орындалады, төлемақы мөлшері қайтару (қайта жіберу) күнгі қолданыстағы тарифімен анықталады.

120. Табыс етілмеген халықаралық посылкалар сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін бұрын оларды жіберген халықаралық почта жөнелтімдерін өңдеу үшін белгіленген өндірістік объектіге (халықаралық почта алмасу орындарына), сол жерлерде осы Қағидалардың 119-тармағында көрсетілген тәртіппен өңдеулері үшін қайта жіберіледі.

11. Почта жөнелтімдерін кідірту, қарау және алу тәртібі

121. Почта жөнелтімдерін кідірту (қамау) қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңнамасына сәйкес тергеушінің прокурор санкциясы алынған почта-телеграфтық жөнелтімдерді қамау туралы қаулысы арқылы жүзеге асырылады. Қаулы почта операторының өндірістік объектісінің басшысына жолданады.

122. Кідірілген почта жөнелтімін қарау, алу және олардың көшірмесін алу куәгерлердің қатысуымен және тиісті хаттама жасаумен жүргізіледі. Хаттаманың бір данасы почта операторының өндірістік объектісінде қалады.

123. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен алынған (тәркіленген) почта жөнелтімдері және почтамен ақша аударымдары үшін почта операторы жіберуші алдындағы жауапкершіліктен босатылады.

124. Почта операторы посылкаларды олардың ішіне жіберуге тыйым салынған заттардың салынғандығы туралы негізді болжам (органолептикалық көрсеткіштермен) пайда болған жағдайда оны тапқан жерде ұстап қала алады. Ондай почта жөнелтімдерін уақытша сақтау қоғамдық қауіпсіздігін, жөнелтімдердің сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етумен почта операторының өндірістік объектісінде жүзеге асырылады, бөгде адамдарға кіруге тыйым салынады.

125. Почта желісі бойынша жіберуге тыйым салынған заттардың почта жөнелтімдерінде анықталғаны және ондай жөнелтімдердің ұсталғаны туралы почта операторы дереу ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарына, қажет жағдайда – денсаулық сақтау органдарына хабарлайды.

Аталған органдардың қызметкерлері почта операторының өндірістік объекті басшысының қатысуымен тыйым салынған заттар мен бұйымдарды алуды

жүзеге асырады және ол туралы тиісті акті жасалып, оның бір данасы жөнелтім жіберушісіне жіберіледі.

126. Почта жөнелтімінде табылған улы жәндіктер мен өсімдіктер түріне қарай Қазақстан Республикасының ветеринарлық немесе фитосанитарлық бақылау органдарына беріледі.

127. Почта жөнелтімінде табылған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы жіберушісіне қайтарылады немесе адресатқа почтамен ақша аударымы түрінде жіберіледі, соңғы жағдайда табылған сомадан ақша аударымының белгіленген тарифі бойынша тиесілі төлемақы алынады.

Почта жөнелтімінен алынған шетел валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына конвертация күніндегі нарықтық бағам бойынша конверттеледі, одан кейін жіберушісіне қайтарылады немесе адресатқа почтамен ақша аударымы түрінде жіберіледі, соңғы жағдайда конверттелген сомадан ақша аударымының белгіленген тарифі бойынша тиесілі төлемақы алынады.

128. Почта байланысы желісімен жіберуге тыйым салынған заттардың алынғаны туралы почта операторы он күнтізбелік күн мерзім ішінде почта жөнелтімін жөнелтушіге, егер аталған заттарды табу фактісі бойынша құқық қорғау органы өзгеше шешім қабылдамаса, жазбаша түрде хабарлайды.

129. Халықаралық почта жөнелтімдерінде почта желілері бойынша жіберуге тыйым салынған заттар табылған жағдайда почта операторы дереу Қазақстан Республикасының кедендік органдарын хабардар етеді.

12. Пайдаланушылардың өтініш пен шағымдарын қарау тәртібі

130. Почта жөнелтімдері немесе почтамен ақша аударымдары бойынша арыздар (өтініштер) жөнелтім берілген күнінің ертеңінен бастап алты күнтізбелік ай ішінде, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері бойынша төрт күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

Арыз (өтініш) почта жөнелтімін немесе почтамен ақша аударымын, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімін қабылдаған орнында почта операторына қабылдау кезінде берілген түбіртеккі, топтамалы жөнелтімдер болғанда – тізімді көрсете отырып беріледі. Почта жөнелтімінің толық дәйекті деректері болған жағдайда (нөмірі немесе штрих-коды, беру күні және орны, жіберу мекенжайы, жіберуші мен адресаттың аты) жеткізілу орны бойынша да өтінуге жол беріледі.

Арыз (өтініш) жазбаша түрде беріледі, почта операторы тарапынан міндетті түрде белгіленген тәртіппен тіркеуге жатады және Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында қарастырылған мерзімдерде қаралады.

Почта жөнелтімдерін уақытында жеткізбеу (табыс етпеу) туралы арыз (өтініш) почта жөнелтімдерінің жіберу және алу күндерін растап көрсететін почта штемпелінің бедері бар буманы ұсынғанда қабылданады.

131. Почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымын іздестіру және почта жөнелтімдерінің жоғалғанына, жетпегеніне, ауыстырылғанына немесе бұзылғанына байланысты шығын орнын толтыру және таратылмаған почта жөнелтімдерінде табылған ақшалар мен құнды қағаздарды, басқа заттарды қайтару туралы шағым (арыз), почта жөнелтімдері мен почтамен ақша аударымы тапсырылған кезінде берілген түбіртек немесе тізімдеме көшірмесін көрсеткенде қабылданады.

132. Түбіртек пен тізім көшірмесі, ал халықаралық жөнелтім болғанда кедендік декларацияның көшірмесі де қоса берілетін шағымда (арызда) мыналар көрсетіледі:

- 1) почта жөнелтімінің немесе почтамен ақша аударымының түрі;
- 2) түбіртек бойынша нөмірі;
- 3) қабылданған күні мен орны;
- 4) жеткізілетін жері;
- 5) жарияланған құндылығы;
- 6) адресаттың мекенжайы мен толық атауы.

Посылкаларды, тікелей контейнерді немесе құндылығы жарияланған бандерольді алмағаны туралы шағымда (арызда) орам түрі, жіберілген заттардың егжей-тегжейлі тізбесі мен құны көрсетіледі.

Почта операторы арызды алғаннан кейін арыз иесіне почта түбіртегін, тізім және декларация көшірмесін қайтарып береді.

Егер шағым (арыз) беруші жеке адамның өзі емес, оның сенімді өкілі болса, онда арызға белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхат тіркеледі.

133. Тіркелетін почта жөнелтімдерін іздестіру туралы шағым (арыз) олардың жеткізілуінің бақылау мерзімі аяқталғаннан кейін қаралады, ал ішкі почта жөнелтімдері жөнінде – кейінгі хабарламаны жібергеннен және алғаннан кейін қаралады.

134. Алғандығы туралы хабарламамен жіберілген ішкі және халықаралық почта жөнелтімдерін іздестіру тегін жүргізіледі.

Алғандығы туралы хабарламасыз жолданған тіркелетін почта жөнелтіміне іздеу салу үшін белгіленген тарифке сәйкес төлемақы алынады.

13. Почта желілері бойынша жіберуге тыйым салынған және шектелген заттар мен бұйымдардың тізілімі

Ішкі почта жөнелтімдерінде жіберуге тыйым салынған заттар мен бұйымдар

135. Ішкі почта жөнелтімдерінде мына заттар мен бұйымдарды жіберуге тыйым салынады:

1) әскери қолға ұстайтын атқыш, азаматтық және қызметтік қару, оқ-дәрілер, қосалқы және жинақтаушы бөлшектер, спорттық садақтар мен арбалеттер, жарық , түтін және дыбыс дабылдарын беруге арналған қару, электрлік қару, электр соққыш құрылғылар мен ұшқын шашқыштар, қылыш жүзді суық қару, кистендер , кастеттер, сурикендер, бумерангтер және өзге спорттық құралдардан басқа ұрып соғуға, лақтыруға, сұғып кесуге бейімделген заттар, екі түрлі қолданатын арнайы техникалық құралдар және олардың бөлшектері;

2) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар;

3) ядролық материалдар, радиоактивтік, күшті әсер етуші, күйдіргіш, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, қопару құралдары, пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдар және басқа қауіпті заттар;

4) улар, улы жәндіктер, заттар, өсімдіктер мен тұқымдар;

5) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы мен шетел валюталары;

6) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күшпен өзгерту, тұтастығына қол сұғу, мемлекет қауіпсіздігін бұзу, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық артықшылықты, қаталдық, зорлық және порнография насихатталатын немесе үгіттелетін баспасөз басылымдары, бейнелеу материалдары, кино-, фото-, аудио-, және бейне материалдар;

7) тез бұзылатын тағам өнімдері;

8) өзінің сипаты немесе буып-түйілуі жағынан почта қызметкерлеріне қауіп төндіретін, басқа почта жөнелтімдер мен почта жабдықтарын былғайтын немесе бүлдіретін заттар.

136. Аса ерекшелік ретінде мыналарды қабылдауға және жіберуге жол беріледі:

1) посылкалар арқылы – азаматтық және қызметтік қарудың бұзылған бөлшектерін, оларды сатуға лицензиясы бар дүкендердің жасап шығарған зауыттарға немесе азаматтық және қызметтік қаруды жөндеу құқығына лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар атына жібергенде, сондай-ақ аталған зауыттардың, заңды және жеке тұлғалардың тиісті дүкендер атына жіберген кездерінде.

Аталған заттарды салу жөнелтуші тиісті лицензияны көрсеткенде ғана жүзеге асырылады;

2) құндылығы жарияланған хаттар мен посылкалар арқылы – Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес банкнот, металл ақша мен құндылықтарды

инкассациялау және жіберу құқығы бар заңды тұлғалар жіберетін банкнот, металл ақша мен құндылықтар;

3) барлық басқа жөнелтушілерге құндылығы жарияланған хаттарда Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі филиалының мекенжайына ескірген және күдікті ақша бірліктерін Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес жіберуге рұқсат етіледі. Сондай-ақ, посылкалармен нумизматикалық металл ақшалар мен коллекцияларды жіберуге рұқсат етіледі.

137. Құндылығы жарияланған ішкі бандерольдерде, хаттарда және посылкаларда тізімдемеден басқа конвертпен немесе онынсыз жолданған хаттар, алмасып отырғандар тұлғалары жіберуші мен адресаттан өзге тұлғалар болатын құжаттар мен жазбаша хат-хабарларды жіберуге тыйым салынады. Посылкаларда мерзімді баспасөз басылымдарын жіберуге тыйым салынады.

Ішкі почта жөнелтімдерінің барлық түрлерінде Қазақстан Республикасының басқа почта операторымен қабылданып ресімделген почта жөнелтімдерінің барлық түрлерін салып жіберуге тыйым салынады.

Халықаралық почта жөнелтімдерінде жіберуге тыйым салынған заттар мен бұйымдар

138. Халықаралық почта жөнелтімдерінде мына заттар мен бұйымдарды жіберуге тыйым салынады:

1) әскери қолға ұстайтын атқыш, азаматтық және қызметтік қару, оқ-дәрілер, қосалқы және жинақтаушы бөлшектер, спорттық садақтар мен арбалеттер, жарық , түтін және дыбыс дабылдарын беруге арналған қару, электрлік қару, электр соққыш құрылғылар мен ұшқын шашқыштар, қылыш жүзді суық қару, кистендер , кастеттер, сурикендер, бумерангтер және өзге спорттық құралдардан басқа ұрып соғуға, лақтыруға, сұғып кесуге бейімделген заттар, екі түрлі қолданылатын арнайы техникалық құралдар, олардың бөлшектері;

2) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар;

3) ядролық материалдар, радиоактивтік, күшті әсер етуші, күйдіргіш, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, қопару және пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдар және басқа да қауіпті заттар;

4) улар, улы жәндіктер, улы заттар, улы өсімдіктер мен тұқымдар;

5) нумизматикалық мақсатпен жіберілетін ақша белгілерінен басқа Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы мен шетел валюталары, сондай-ақ күшін жойған құнды қағаздар;

6) маралдардың, ақбөкендердің, теңбіл бұғылардың мүйіздері мен тұяқтары және де теңбіл бұғының терісі (Қазақстан Республикасынан сыртқа шығарған кезде), Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген аңдар мен

өсімдіктер дериваттары;

7) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күшпен өзгерту, тұтастығына қол сұғу, мемлекет қауіпсіздігін бұзу, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық артықшылықты, қаталдық, зорлық және порнография насихатталатын немесе үгіттелетін баспасөз басылымдары, бейнелеу материалдары, кино-, фото-, аудио-, және бейнематериалдар;

8) бал арасы, сүліктер мен жібек құрттары, ресми танылған мекемелер арасында зерттеуге арналып алмасылатын паразиттер мен зиянды жәндіктерді құртушыларды алмағанда, олардан басқа тірі аңдар;

9) өзінің сипаты немесе буып-түйілуі жағынан почта қызметкерлеріне қауіп төндіретін, басқа почта жөнелтімдер мен почта жабдықтарын былғайтын немесе бүлдіретін заттар;

10) тез бұзылатын тағам өнімдері;

11) металл ақшалар, банк билеттері, кредит билеттері немесе алушыға арналған қандай да бір құндылықтар, жол чектері, қымбат металдар мен тастар және солардан жасалған бұйымдар;

12) жеткізілетін елде енгізуге немесе айналымға түсуіне тыйым салынған бұйымдар.

139. Кедендік одақ елдері шегінде келесі бұйымдар мен заттарды жіберуге тыйым салынады:

1) Кедендік одақ аумағына (аумағынан) олардың енгізілуіне, шығаруына, транзитіне шектеу немесе тыйым салынған қарудың кез келген түрлері және олардың оқ-дәрілері, сондай-ақ олардың құраушы бөлшектері, оқ-дәрілері;

2) жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жару құралдары;

3) шартты түрдегі патогенді және патогенді организмдер, биологиялық материалдар, жұқпалы және паразитарлық аурулардың қоздырғыштары;

4) тез бұзылғыш тауарлар;

5) алкогольді өнімдер мен этил спирті, сыра;

6) темекі бұйымдарының кез келген түрлері және шылымдық қоспалар;

7) кез келген түрдегі және күйдегі өсімдіктер, өсімдіктердің тұқымдары;

8) зергерлік бұйымдардан басқа кез келген түрдегі және күйдегі бағасы құнды тастар мен табиғи алмастар;

9) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары;

10) озонды бұзғыш заттар;

11) қауіпті қалдықтар;

12) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттар.

140. Халықаралық құндылығы жарияланған бандерольдерде, ұсақ пакеттерде, хаттарда және посылкаларда тізімдемеден басқа конвертпен немесе онынсыз

жолданған хаттар, алмасып отырған тұлғалары жіберуші мен адресаттан өзге тұлғалар болатын документтер мен жазбаша хат-хабарларды жіберуге тыйым салынады. Одан басқа, ұсақ пакеттер мен посылкаларда мерзімді баспасөз басылымдарын жіберуге тыйым салынады.

Халықаралық почта жөнелтімдерінің барлық түрлерінде Қазақстан Республикасының басқа почта операторымен қабылданып ресімделген почта жөнелтімдерінің барлық түрлерін салып жіберуге тыйым салынады.

Ішкі және халықаралық почта жөнелтімдерімен жіберуге шектелген заттар

141. Ішкі және халықаралық почта жөнелтімдерінде жіберуге келесі белгілі шарттар болған жағдайда қабылданатын бұйымдар мен заттар тізбесіне жататындар:

1) мәдениет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мәдени құндылықтар (Қазақстан Республикасынан сыртқа шығарған кезде) – мәдениет саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

2) өсімдіктер, тегі өсімдік өнімдері, сондай-ақ жануарлар, тегі жануар өнімдері – ауылшаруашылық саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

3) радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті қондырғылар (Қазақстан Республикасына енгізілген кезде) – байланыс саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

4) Қазақстан Республикасы аумағында тіркелмеген дәрілік құралдар (Қазақстан Республикасына енгізілген кезде) – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

5) халықаралық почталық қатынасында жіберілетін өлгендердің мәйіті салынған урналар – мына құжаттармен:

өлімі туралы дәрігерлік куәлік және егер сойылған болса, медициналық мекеме берген хаттаманың көшірмесі және дипломатиялық өкілдікпен немесе консулдық мекеменің мөрімен, ал егер олар болмаса Қазақстан Республикасында осы елдің мүддесін қорғайтын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекеменің мөрімен куәландырылған немесе азаматтық ауқат актілерін жазу мемлекеттік органдары беретін өзге құжаттар;

дипломатиялық өкілдіктердің немесе консулдық мекемелердің, олар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасында осы елдің мүддесін қорғайтын мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері урнада бөгде заттар жоқтығы туралы жасаған анықтамасымен;

6) мемлекеттік наградалар (орден, медаль, белгі, атаулы заттар) – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жіберуге тек жіберушінің меншік

құқығын растайтын марапаттау, құндылығы жарияланған халықаралық почта жөнелтімдерінде осындай тауарды жіберу туралы құжаттары бойынша;

7) бейне, фото, дыбыс жазбаларымен жіберілген электронды ақпарат тасығыштары (дискеттер, компакт-дискілер, қатты дискілер және флэш тасығыштар) – оларды жазғанда пайдаланылған электронды есептегіш машина (бұдан әрі – ЭЕМ) мен операциялық жүйе типтері туралы мәліметтер бар болса. Тасығышта жазба болмаған жағдайда да пайдаланылған ЭЕМ мен операциялық жүйе типтері көрсетіледі немесе заводтың паспорты қоса беріледі.

142. Кедендік одақ елдері шегінде келесі салынымдарды жіберу шектеледі:

1) Кедендік одақтың кедендік аумағына енгізілуі және Кедендік одақтың кедендік аумағынан шығарылуы шектелген шифрлеу (криптографиялық) құралдар;

2) Кедендік одақтың кедендік аумағына енгізілуі шектелген азаматтық белгілеудегі радиоэлектронды құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар, оның ішінде өзге тауарлармен қоса құрастырылған немесе құрамына кіретіндер;

3) кедендік шекарадан өткізгенде шығаруға шектелген минералогия және палеонтология бойынша топтамалар мен топтамалық заттар;

4) кедендік шекарадан өткізгенде шығаруға шектелген 1973 жылғы 3 наурыздағы Жоғалу қаупінде тұрған жабайы фауна мен флораның түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның құзыретіне кіретін жабайы фауна мен флораның түрлері;

5) кедендік шекарадан өткізгенде шығаруға шектелген Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей федерациясының Қызыл кітаптарына енгізілген, кедендік шекарадан өткізгенде шығаруға шектелген сирек кездесетін және жоғалу қаупінде тұрған жабайы аңдар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлері, олардың бөлшектері және (немесе) дериваттары;

6) кедендік шекарадан өткізгенде шығаруға шектелген ұлттық мұрағат қорларының құжаттары мен мұрағаттық құжаттардың түпнұсқалары.

143. Жаңа піскен жеміс-жидектердің қатты сорттары салынған посылкалар тиеудің кепілді нормасы шегінде ұшақтардың тікелей рейсімен жіберуді ескере отырып қабылданады, ал теміржол көлігімен мұндай посылкалар жеті тәулікте жететін шарт болғанда қабылданады, егер ол мерзімнен асатын болса салынғанның болжанарлық бүлінуін жөнелтуші өзіне алады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылып жазасын өтеуші адамдардың мекенжайына жөнелтуге тыйым салынған бұйымдар мен заттар

144. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылып жазасын өтеуші адамдар мекенжайына жібергенде ішкі почта жөнелтімдерде келесі бұйымдар мен заттардың салынымына жол берілмейді:

- 1) атқыш және суық қарулардың барлық түрлері, оқ-дәрілер;
- 2) жарылғыш, уландырғыш және өрт қауіпті заттарды;
- 3) оптикалық құралдар;
- 4) ақша, құнды заттар, құнды қағаздар;
- 5) пиротехникалық заттар, сіріңкелер;
- 6) жылы өңдеуді талап ететін тамақтар (кофе мен шай, құрғақ сүт, тез дайын болатын қайнау мен пісіруді қажет етпейтін тамақ концентраттарынан басқа), сондай-ақ ашытқылар, қант;
- 7) алкогольдік сусындардың барлық түрлері, сыра;
- 5) әтір, одеколон және спирттік негіздегі өзге де заттар;
- 6) есірткі құралдары, психотроптық заттар, уытқұмарлық және күшті әсер ететін есеңгіртетін заттар, олардың аналогтары және медициналық көрсетулерсіз дәрілік заттар, медициналық тағайындаудағы заттар;
- 7) жазу машинкасы, көбейткіш аппараттар, компьютерлік құрал-жабдықтар және басқа да кеңсе техникасы;
- 8) пышақ, басқа да өткір, кескіш және сұққыш заттар;
- 9) балталар, балғалар және басқа саймандар;
- 10) ойын карталары;
- 11) конституциялық құрылымды зорлықпен өзгертулерді, Қазақстан Республикасының біртұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігін бұзу, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, рулық және тектік артықшылықты, қатыгездік , зорлық және порнография насихаттауды немесе үгіттеуді мазмұндаған баспа басылымдары, көркем өнер материалдары, кино-, фото-, аудио- және бейнематериалдар;
- 12) фотоаппараттар, фотоматериалдар, химикаттар, бейне- және кинокамералар;
- 13) электр тұрмыстық құралдар (электр сақалалғыштар, электр шәйнектер, зауытта шығарылған тұрмыстық электр қайнатқыштардан басқа);
- 14) құжаттар (соттың үкімдері мен анықтаулары, ақша, заттар, құндылықтарды сақтау үшін берілген түбіртектерден басқа);
- 15) топографиялық карталар, компастар, топография, күрес, қызметтік иттерді баптау, қарудың құрылымы бойынша әдебиеттер;
- 16) әскери және басқа да нысандық киім, оның бөлшектері;
- 17) ашық түсті сыртқы киім, бас киім және аяқ киім (кебіс, жылы және жұқа ішкі киім, бірыңғай қара, қара-көкшіл немесе қара-қоңыр түсті футболкалар, жемпірлер, свитерлер, спорттық костюмдер және спорттық аяқ киімдерден басқа)

;

18) рациялар, мобильдік телефондар және өзге де мобильдік байланыс құрылғылары, олардың зарядты құрылғыларын қоса, құрамдық бөлшектері, сим-карталары, электрондық ақпарат тасымалдағыштардың барлық түрі;

19) өзге де тасуға, тасымалдауға және сақтауға әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген заттар мен құралдарға.

14. Почта қызметтерін көрсетуге байланысты өзге ережелер

Почта байланысы қызметтерін төлеу тәртібі

145. Почта жөнелтімін және почтамен ақша аударымын жіберу үшін төлем оларды қабылдау кезінде алынады, өзгеше жағдайлар тек почта операторымен және қызметті пайдаланушы арасында жасалған шартпен белгіленеді.

146. Почта байланысының қызметтері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қолма-қол ақша немесе есеп айырысу арқылы төленеді. Мемлекеттік почта төлемі белгілері жазбаша хат-хабарды жібергенде, оның ішінде шетелге жолдағанда, ақысы төленгенін көрсетеді.

147. Құндылығы жарияланған жөнелтім үшін почта байланысы қызметінің төлеміне салмағына қарай алатын төлем және құндылығын жариялау үшін төлем кіреді.

Құндылығы жарияланған халықаралық посылкалар төлеміне салмағына қарай жіберу ақысы, құндылығын жариялау үшін және экспедициялық ақы кіреді.

148. Почта операторы почта байланысы қызметінің төлемақы көлемін, сондай-ақ почта жөнелтімдерін жіберуде қолданылған (әуе немесе жерүсті жолымен) әдіске байланысты белгілейді (уәкілетті органмен бекітілетін баршаға қолжетімді қызметтердің тарифтерінен басқа).

149. Қолданыстағы тарифтерге сәйкес осал, қомақты, ірі габаритті посылкаларды, сондай-ақ "Абайлаңыз" белгісі бар посылкаларды жіберу үшін қосымша ақы алынады.

150. Жеке тұлғалардан қабылданған төленбеген немесе толық төленбеген ішкі жай хаттар, почта карточкалары және бандерольдер тиісті пунктіне жеткізіле алады, бірақ ондай жөнелтімдер адресаттарына үстеме төлем тарифіне сәйкес почталық төлем төленгеннен кейін беріледі. Мұндай жөнелтім қайтарылған жағдайда төлем жіберушіден өндіріледі.

Заңды тұлғалар жіберетін төленбеген немесе толық төленбеген жөнелтімдер маркаларды өшіру арқылы өңдеудің бірінші кезеңінде жіберушілеріне қайтарылады.

151. Үстеме төлем төленетін жөнелтімдердің адресаттары жоқ болғанда немесе адресат оларды алудан бас тартқан кезде почта жөнелтімдері

таратылмаған хат-хабарлар қатарына өткізіледі.

152. Заңды және жеке тұлғалар почта жәшігіне салған, төленбеген немесе толық төленбеген халықаралық хаттар, карточкалар және бандерольдер толық төленуі үшін маркалары өшірілместен жіберушілеріне қайтарылады.

153. Ұлттық почта операторы халықаралық хат-хабарлар төлемі ретінде купон сатқан шетел почта әкімшілігі мәртабанының бедері басылған халықаралық жауап купонын қабылдай алады.

154. Ұлттық почта операторы құны ДПО актілерімен белгіленетін халықаралық жауап купондарын сатады.

155. Халықаралық жауап купондарын Ұлттық почта операторының әрбір өндірістік объектілерінде әуе көлігімен жіберілетін, салмағы 20 граммға дейін бір жай халықаралық хатты төлеу тарифінің есебінен почта маркаларына алмастырылады.

Мемлекеттік почта төлемі белгілері

156. Ұлттық почта операторы жіберуге қабылдаған жазба хат-хабарлардың төленгендігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік почта төлемі белгілерімен расталады. Почта төлемі белгілерінің почта байланысы саласындағы уәкілетті орган бекіткен түрі мен көлеміне сәйкес шығарылуын, сондай-ақ оларды сатуды Ұлттық почта операторы жүзеге асырады.

157. Мемлекеттік почта төлемі белгілері ретінде почта жөнелтімдеріне желімделетін немесе баспа әдісімен почта конверттері мен почта карточкаларына басылатын почта маркалары мен стандартты және көркемсуретті сериялардағы блоктар, сондай-ақ франкирлеу машинасы клишесінің бедері және де почта байланысы саласындағы уәкілетті орган бекіткен почта байланысы қызметтеріне төлем жасалғанын растайтын басқа да белгілер қолданылады.

Мемлекеттік почта төлемі белгілерінде мемлекеттің атауы ("Қазақстан" және латын транслитерациясымен "Kazakhstan"), сондай-ақ суреттің, тақырыптың атауы мемлекеттік тілде белгіленеді, төлем сомасы (номиналы) араб цифрларымен немесе латын әрпімен басылады, шығарылған жылы (немесе тіркеу нөмірі) көрсетіледі.

158. Сатылған мемлекеттік почта төлемі белгілері кері қайтарылып алынбайды және айырбасталмайды.

159. Маркаланған конверттерден және карточкалардан қиылып алынған және өшірілмеген почта маркаларын Қазақстан Республикасы аумағында хаттар, бандерольдер және почта карточкаларын жіберу үшін пайдалануға болады. Басқа қиылып алынған почта төлемінің белгілері (мысалы каталогтардан немесе

жарнамалық басылымдардан, оның ішінде басқа ел маркалары) почта жөнелтімдерін жіберу үшін төлем ретінде қабылданбайды.

Франкирлеу машиналары

160. Ішкі және халықаралық жай және тапсырысты почта жөнелтімдері франкирлеу машинасының бедерін қою арқылы төленуі мүмкін.

161. Франкирлеу машинасын Ұлттық почта операторының қызметін пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғалар Ұлттық почта операторында тіркеп оны пайдалануға шарт жасасу арқылы пайдалана алады.

162. Франкирлеу машинасы клишесінің бедері қызыл түсті болып, оның құрамында:

1) Ұлттық почта операторының ішкі нормативтік актілерінде көрсетілген тиісті жазулары бар почта маркасының шартты белгісі;

2) почта мөртабанының бедері;

3) жөнелтушінің мекенжайы болуы тиіс.

163. Почта жөнелтімдеріне франкирлеу машинасы клишесінің бедерін басу мүмкін болмаған жағдайда ондай бедер жолақ қағазға басылып почта жөнелтіміне жапсырылады.

164. Франкирлеу машинасының пайдалану мерзімі аяқталған жағдайда, басқа заңды тұлғаға берілгенде (сатылғанда) машина клишесі Ұлттық почта операторының тиісті бөлімшесіне жойюы үшін акті бойынша берілуі тиіс.

Өзге ережелер

165. Келесі Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғалары жөнелтімдерді "Үкіметтік"-"Правительственное" разрядымен жібере алады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;

3) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы және орынбасары;

4) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы және орынбасары;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;

6) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы;

7) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы және орынбасары;

8) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және орынбасары;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы;

10) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы;

- 11) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;
- 12) Қазақстан Республикасы Бас прокуроры және орынбасары;
- 13) Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беруші органдардың басшылары;
- 14) Қазақстан Республикасының Министрлері, орталық атқарушы органдардың ведомство басшылары;
- 15) Қазақстан Республикасы Агенттіктерінің төрағалары;
- 16) Қазақстан Республикасы Парламенті Комитеттерінің төрағалары;
- 17) Астана және Алматы қалаларының, Қазақстан Республикасы облыстарының әкімдері.

"Үкіметтік"- "Правительственное" разрядындағы почта жөнелтімдері бірінші кезекте өңделеді және жеткізіледі.

166. Адресатқа тапсырысты хат пен бандеролді, құндылығы жарияланған почта жөнелтімдері, жеделдетілген және курьерлік почта жөнелтімдері, почтамен ақша аударымы табысталмаған кезде жөнелтуші түбіртекті тіркей отыра өз тілегін жазбаша түрде беріп, қосымша төлем төлеу арқылы:

- 1) өзінің почта жөнелтімін және почтамен ақша аударымын қайтаруға;
- 2) почта жөнелтімін, почтамен ақша аударымын басқа тұлғаға және басқа мекенжай бойынша беруге немесе оны сол алушыға, бірақ басқа мекенжай бойынша жеткізуге өкім жасауға;

- 3) почта жөнелтімінің, почтамен ақша аударымының сақталу мерзімін баратын жеріндегі почта операторының өндірістік объектісіне түскен күннен бастап алпыс күнтізбелік күнге дейін ұзартуға;

- 4) жөнелтімді қайтарудан бас тартуы туралы өкім жасай алады.

167. Халықаралық почта жөнелтімінің жіберушісі почта операторы арқылы өзі жіберген почта жөнелтімінің қайтарылуы немесе мекенжайын өзгерту туралы өкім жасай алады.

Жіберуші халықаралық посылка алушысына тапсырылмаған жағдайда не істеу керектігі туралы оны жіберген кезде өкім жасай алады, бұл туралы ілеспе бланктің алдыңғы бетіне белгі соғылады.

168. Қабылданған жай хаттар мен бандерольдер тиесілі жеріне жіберілмеген сәтке дейін жазбаша өтініші бойынша жөнелтушіге қайтарылып беріле алады, бұл ретте қайтарғаны үшін ақы алынбайды және мемлекеттік почта төлемі белгілерімен төленген сома қайтарылмайды.

Қабылдап алған өндірістік объекіден әлі жіберілмеген тіркелетін почта жөнелтімдерін жөнелтуші жазбаша өтінішімен кері алуына болады, мұндайда ол почта операторына түбіртектің түпнұсқасын қайтарып береді (топтамалы почта жөнелтімдер қабылданса – тізімін де).

Мұндай жағдайда жөнелтушіге төлеген сомасы, тек мемлекеттік почта

төлемінің белгілері мен қосымша көрсетілген қызмет ақысынан басқа, қайтарылып беріледі.

169. Адресат қосымша төлем арқылы мынадай жазбаша өкім жасай алады:

1) өндірістік объектіде өз атына келген почта жөнелтімін, почтамен ақша аударымын түскен күннен бастап алпыс күнтізбелік күн сақтау туралы;

2) өз атына келген почта жөнелтімін, почтамен ақша аударымын басқа мекенжайға жеткізу немесе жіберу жөнінде;

3) өз атына "Талап еткенге дейін" келген почта жөнелтімін, почтамен ақша аударымын үйге жеткізіп беру туралы (үйге жеткізу қолданылатын болса);

4) жеткізілмеген жөнелтімдерді қайтарудан бас тартуы туралы.

Почта байланысы қызметтерін
көрсету қағидаларына
1-қосымша

Ішкі почта жөнелтімдері үшін өлшемдер мен шекті салмақтар

Жөнелтім түрлері	Шекті салмағы, кг	Буып-түйілген көлемі
1 2	3	4
1 П о ч т а карточкасы	-	105x148 мм
2 Хат	2	110x220 мм; 162x229 мм; 250x353 мм.
Бандероль М ы н а бандерольдерден басқа:	2	Ең жоғарғы өлшемдері: үш өлшемнің (ұзындығы, ені, биіктігі) бірінің ең үлкен шамасы – 35 см. Үш өлшемнің қосындысы 65 см-ден аспауы тиіс. Орама тәрізді
3 а) тұқым салынған	1	оралған бандероль үшін – ұзындығы 70 см, диаметрі 15 см.
б) бір кітап салынған	3	Ішіне салынғандарын (карталар, кестелер және т.б.) бүктеуге болмайтын, ұзындығы 150 см-ге дейінгі бандерольдер.
в) зағиптар үшін шығыңқы әріптері бар қағаздар мен кітаптар салынған	5 шекті салмақтан 100 гр-ға дейін асуына жол беріледі	Ең төменгі өлшемдері: (қалыңдығы кез келген аз мөлшерде болғанда) бір өлшемі – 10 см, басқа өлшемі – 5 см-ден кем емес, ал орама түрінде оралған болса, ұзындығы – 10 см, диаметрі – 5 см.
4 Посылка	14	Ең жоғарғы көлемі 80x80x50 см. Ең төменгі өлшемі (бал аралары салынғаннан басқалары үшін) бір өлшемі – 10 см, қалған өлшемдерінің әрқайсысы 5 см-ден кем емес. Әуе кемесімен тасымалданатын бал арасы салынған посылкалардың бір жағының ұзындығы 30 см-ден кем болмауы тиіс.
5 Тікелей контейнерлер	500	
6 Жеделдетілген және курьерлік почта хаты (2 пакеті)	2	165x220 мм; 280x350 мм; 395x475 мм.
		229x324 мм; 315x415 мм;

7	Жеделдетілген және курьерлік почта посылкасы	14	Ең үлкен көлемі: өлшемдерінің бірінің ұзындығы 150 см-ден, ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 300 см-ден аспауы тиіс. Ең төменгі көлемі: хаттармен бірдей.
---	--	----	--

Стандартты хаттардың өлшемдері мен салмағы: 114x162x5 мм, 110x220x5 мм, 162x229 мм және салмағы 20 гр-ға дейін.

Ұсақ посылкалардың салмағы: 3 кг-ға дейінгі және ең ұзын жағы 35 см-ден аспайтын, ал үш өлшемінің қосындысы 65 см-ден аспайтын посылкалар.

Ауыр салмақты посылкалар: салмағы 10 кг-нан асатын.

Ірі габаритті посылкалар: посылкалардың бір жағы 80x80x50 см-ден артық. Ең жоғары көлемі: 230x180x110 см.

Ірі габаритті және ауыр салмақты посылкаларды қабылдау оларды почта операторының тек қана белгіленген өндірістік объектілері арқылы тапсыру және алу шартымен жүргізіледі.

Почта байланысы қызметтерін
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Халықаралық почта жөнелтімдері үшін өлшемдер мен шекті салмақтар

№	Жөнелтім түрлері	Шекті салмағы, кг	Буып-түйілген көлемі
1	2	3	4
1.	Почта карточкасы	—	Ең төменгі өлшемдері: 90 x 140 мм Ең жоғарғы өлшемдері: 120x235 мм
2.	Хат	2	Ең төменгі өлшемдері: 90 x 140 мм Ең жоғарғы өлшемдері: 120x235 мм
3.	Бандероль Зағиптарға арналған басылымдар (секограммалар) салынған	5 7	Ең жоғарғы көлемі: үш өлшемнің (ұзындығы, ені, биіктігі) қосындысы 90 см-ден аспауы тиіс; ең үлкен өлшемі 60 см. Рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы – 104 см-ден аспайды. Ең ұзын өлшемі – 90 см. Ең төменгі өлшем: 14x9 см, рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы – 17 см. Ең ұзын өлшемі – 10 см-ден аспайды.
4.	Ұсақ пакеттер	2	Ең жоғарғы көлемі: үш өлшемнің (ұзындығы, ені, биіктігі) қосындысы – 90 см-ден аспауы тиіс; ең үлкен өлшемі 60 см. Рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы – 104 см-ден аспайды. Ең ұзын өлшемі – 90 см. Ең төменгі өлшем: 14x9 см, рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген

			диаметрінің қосындысы – 17 см. Ең ұзын өлшемі – 10 см-ден аспайды.
5.	Бір мекенжайға және бір адресатқа арналған б а с п а басылымдары салынған ""М" қабы	20	
6.	Посылка	20	Ең жоғарғы көлемі: кез келген өлшемі – 105 см-ден аспайды. Ұзындығы мен ең үлкен шеңберінің қосындысы – 200 см-ден аспайды. Ең төменгі көлемі: хаттармен бірдей.
7.	Жеделдетілген почта хаты (пакеті)	2	1 6 5 x 2 2 0 мм ; 2 2 9 x 3 2 4 мм ; 2 8 0 x 3 5 0 мм ; 3 1 5 x 4 1 5 мм ; 395x475 мм.
8.	Жеделдетілген почта посылкасы	20	Ең үлкен көлемі : өлшемдерінің бірінің ұзындығы 150 см-ден, ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 300 см-ден аспауы тиіс. Ең төменгі көлемі – хаттармен бірдей.
9.	Топтастырылған "Консигнация" жөнелтімдері	" 31,5	Ең үлкен көлемі : өлшемдерінің бірінің ұзындығы 150 см-ден, ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 300 см-ден аспауы тиіс. Ең төменгі көлемі – хаттармен бірдей.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 16 қаңтардағы
N 72 қаулысымен
бекітілген

Почта жөнелтімдерінде почта мөртабанын қолдану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Почта жөнелтімдерінде почта мөртабанын қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, Дүниежүзілік почта одағының Қазақстан Республикасымен ратификацияланған актілеріне сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы почта операторларымен почта жөнелтімдерінде почта мөртабанын қолдану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өшіру - почта жөнелтімі қабылданғанын растайтын мемлекеттік почта төлемі белгілеріне почта мөртабанының бедерін басып шығару;

2) почта мөртабанының күні мен уақыты - почта мөртабанының ауыстырылып орнатылатын ағымдағы күнтізбелік күн мен уақыттың белгілеуі.

2. Почта мөртабанын қолдану тәртібі

3. Почта мөртабаны оның бедерін басу жолымен почта жөнелтімін өңдеудің ағымдағы күнтізбелік күні мен уақытын белгілеу мақсатында төмендегі жағдайларда қолданылады:

1) жазбаша хат-хабарларды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында почта айналымында жүрген мемлекеттік почта төлемі белгілерін өшіру үшін, сондай-ақ өңделетін почта жөнелтімдеріне;

2) почта жөнелтімдерін қабылдауда пайдаланушыға берілген түбіртеккі растау үшін;

3) почта операторының өндірістік құжаттарын ресімдеу үшін.

Почта мөртабанының бедерлері клиенттің сұрауы бойынша әртүрлі филателиялық және басқа материалдарға (хатқалталар, ашық хаттар, маркалар), почта жөнелтімдеріндегі жіберілетін салымдардың барлық түрлеріне және почта операторының өндірістік құжаттары болып табылмайтын құжаттарға қойылмайды.

4. Мемлекеттік почта төлемі белгілері почта мөртабанының бедерімен қайтадан екінші рет қолданылмайтындай етіп өшіріледі. Портреттері бар почта төлемі белгілерін өшіру кезінде почта мөртабанының бедері бет бейнені ластамауы керек. Төлемге жарамсыз почта төлемі белгілері (айналымнан алынған, басқа мемлекеттердің почта төлемі белгілері) почта мөртабанымен өшірілмейді.

5. Почта жәшіктерінен жәшіктегі көрсетілген алу уақытына дейін жиналып алынған жай хаттарға басылған почта мөртабанының күні нақты күнтізбелік күнге сәйкес келуі тиіс.

Почта жәшігіне осы жәшікте көрсетілген алу уақытынан кейін түсірілген жай хаттарға басылған почта мөртабанының күні келесі алынудың күнтізбелік күніне сәйкес келуі тиіс.

6. Қызмет пайдаланушысына берілген түбіртектегі почта мөртабанының күні почта жөнелтімінің нақты қабылданған күнтізбелік күніне сәйкес келуі тиіс. Жіберушінің сұрауы бойынша да, ағымдық операциялық күннің жабылуы себебі бойынша да өзге күндерді қоюға жол берілмейді.

7. Почта мөртабанындағы барлық жазбалар (өндірістік объектілердің атаулары) мемлекеттік тілде орындалады.

Халықаралық почта алмастыру орындары мен пункттері үшін почта мөртабанындағы жазбалар латын әріптерімен орындалады.

Егер жұмыс талаптары бойынша қажет болса, өндірістік объектілер почта мөртабандарының қажетті санын қолдана алады, бұл жағдайда оларға қосымша әріптік литер ойып жазылады.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық почта операторының барлық өндірістік объектілерінде почта жөнелтімдеріне мөр соғу кезінде және өндірістік құжаттарда қара (көк) түсті, ал почта вагондарында - қызыл түсті мөртабандық бояу қолданылады.

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық почта операторының почта мөртабанының күні мен уақыты үшін "ККААЖЖСС", форматы пайдаланылады, мұндағы:

КК - күнтізбелік күннің саны;

АА-айы;

ЖЖ - жылы;

СС - сағаты (белдеулік уақыт бойынша ағымдағы сағаттың басталуынан).

Қазақстан Республикасы Ұлттық почта операторының өңдейтін почта трафигі көлемі елеулі емес өндірістік объектілерінде (почта желісінің торапты емес пунктінде) почта мөртабанында ағымдық уақыттың белгісі болмауы да мүмкін.

10. Почта операторының өндірістік объектілерінде почта мөртабандарының жұмыс орындарына берілуі туралы күнделікті есеп, сондай-ақ орнатылған күнтізбелік күндердің (уақыттың) сәйкестігіне және мөртабандардың сақталуын қамтамасыз етуге бақылау жүргізіледі.

11. Почта мөртабандарын қолдану тәртібінің орындалуына бақылауды белгіленген тәртіппен бекітілген лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес почта операторының лауазымды тұлғалары және өндірістік объектілерінің (құрылымдық бөлімшелерінің) басшылары жүзеге асырады.